

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БӘСІ ЖОҒАРЫ АЛАНДА
КІМДЕРДІҢ БАҒЫ ЖАНАДЫ?



Қазақстандық журналистика барлық кезеңде адам құқығы мен сөз бостандығына, азаматтық қоғам мен зайырлы мемлекеттің қалыптасуына қызмет етіп келеді.

(Жалғасы 8-бетте)

КЕЛБЕТ

АЙ – ОРТАҚ, КҮН – ОРТАҚ,
ЖАҚСЫ – ОРТАҚ

Мемлекеттің беріктігі мен қоғамның тұрақтылығы заң үстемдігіне тікелей байланысты. Ал заң үстемдігін қамтамасыз ететін басты институттың бірі – сот билігі. Сотқа деген сенім ең алдымен оны жүзеге асыратын судьялардың кәсібилігіне, адалдығы мен адамгершілік қасиеттеріне негізделеді. Сондықтан да өмірін әділдікке арнап, елдегі сот жүйесінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалардың еңбегі әрдайым биік құрметке лайық. Осындай азаматтардың бірі – Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы қызметінен құрметті отставкаға шыққан көрнекті заңгер, тәжірибелі ұйымдастырушы, өріптестері арасында зор беделге ие судья Жанат Сақыбайұлы БЕКЖАНОВ. Жанат Сақыбайұлы биыл 65 жасқа толып отыр. Бұл мерейлі белес – бір адамның ғана емес, тұтас сот жүйесінің қалыптасуы мен дамуы жолындағы қажырлы еңбектің қорытындысы іспетті.

Білім өсіреді,
еңбек тыңдайды

Жанат Сақыбайұлы Бекжанов 1961 жылдың 1 шілдесінде Қызылорда облысында дүниеге келді. Ол еңбекке ерте араласып, өмірдің түрлі мектебінен өтті. Семей зооветеринарлық институтын зооинженер мамандығы бойынша, кейін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құқықтану мамандығы бойынша тәмамдады. Еңбек жолының алғашқы кезеңінде Семей облысы Жарма ауданында зооинженер-селекционер болып қызмет атқарды. Кейін комсомол ұйымының хатшысы, партия және жергілікті басқару органдарындағы жауапты қызметтерде еңбек етті. Бұл кезеңдер оның басқарушылық қабілетін шыңдап, адамдармен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастырды. Кейін сот жүйесіне келген кезде дәл осы тәжірибесі оның кәсіби қызметінде үлкен артықшылыққа айналды.

Сот жүйесіндегі еңбек жолын халық сотының консультанты қызметінен бастаған Жанат Сақыбайұлы біртіндеп кәсіби сатының барлық баспалдағынан өтті. Ол 5 аудандық соттың, оның ішінде Алматы қаласының жүктемесі жоғары Бостандық аудандық және мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы болды. Жоғарғы соттың кадр қызметінің басшысы, Алматы қалалық сотының судьясы, Қызылорда облыстық сотының алқа төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды.

Елдің әр өңірінде жинаған мол тәжірибесін сот төрелігін жетілдіруге жұмсады. Қай жерде еңбек етсе де, оның қызметіндегі басты ұстаным

– заңдылық, әділдік және кәсібилік болды. Жалпы алғанда, Жанат Сақыбайұлы Қазақстанның төрт өңірінде қызмет атқарып, сот төрелігінің әртүрлі деңгейінде мол тәжірибе жинақтады. Бес аудандық соттың төрағасы ретінде ұйымдастырушылық қабілетімен танылып, көптеген жас мамандардың кәсіби қалыптасуына ықпал етті.

Орынды реформаны
оңтайлы үйлестіруші

Жанат Сақыбайұлының кәсіби өміріндегі ерекше кезеңдердің бірі – Жоғарғы Соттағы кадрлық реформаларға қатысуы. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары, бұрынғы Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов сол жылдардағы күрделі ахуалды, осы қиын сәттерді еңсерудегі Бекжановтың қосқан үлесін ризалықпен еске алады. Сот төрелігінің сапасы ең алдымен заңдардың мінсіздігінен немесе озық технологиялардан емес, нақты адамнан – судьяның біліктілігі мен парасатынан басталатыны, қандай ауқымды реформалар жүргізілсе де, соңғы нүктені қойып, шешім шығаратын – судья екені жайлы сөз сабақтай келе Жанат Сақыбайұлы Бекжановқа әділдік жолында абыройлы қолтаңбасын қалдырған көрнекті заңгер деген бағасын берді. Жақып Асановтың, Жанат Сақыбайұлы – заң үстемдігін өмірінің темірқазығына айналдырған, парасат-пайымы биік, кәсіби біліктілігі мен адами қарапайымдылығы қатар өрілген бірегей тұлға. Оның көпжылдық мінсіз қызметі, ұжым арасындағы сыйластығы мен терең білімі сот жүйесіндегі жас буынға әрдайым үлгі-өнеге.



P.S. Газетіміз дайындалып жатқанда Жанат Бекжановқа ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы А. Мерғалиевтің өкімімен «Құрметті судья» атағы берілгенін естідік. Құтты болсын! Еңбектің елегеніне қуаныштымыз!

Ол Жоғарғы Соттың кадр қызметінің меңгерушісі болып тұрған шақта сот жүйесін тазарту және жаңғырту бойынша үлкен жұмыстар жүргізді. 2018 жылы басталған кадрлық реформа 4 негізгі бағытқа сүйенді: жаңа судьяларды іріктеу, жұмыс істеп жүрген судьяларды бағалау, мықты мамандарды ұстап қалу және Сот төрелігі академиясын қайта жаңғырту. 2019 жылға дейін жағдай сын көтермейтін, дағдарысты деңгейде болды. Мәселен, 2014 жылы байқауға келген 750 үміткердің 500-і судья атанған. Яғни, үш үміткердің екеуі деген сөз. Бір жыл ішінде соншама мықты заңгерді іріктеп алу, әрине, мүмкін емес. Соның салдарынан сотқа кездейсоқ адамдар келіп, ал нағыз мықты, тәжірибелі мамандар жүйеден кете бастады. 2017 жылы өз еркімен жұмыстан кету көрсеткіші Тәуелсіздік тарихындағы ең жоғары шекке жетті. Бұған мардымсыз жалақы мен адам төзгісіз жүктеме де себеп болды. Астанада бір судья күніне 52 іс пен материал қарайтын.

(Жалғасы 3-бетте)

ЛЕБІЗ

ҚАЛАМҒЕРДІҢ
ҚОҒАММЕН
ТЫНЫСЫ БІР

Өзінің мұраты мен мүддесін халықтан бөліп қарай алмайтын бір қауым болса, олар – журналистер. Ең алдымен, бұлар – үлкен тәуекелдің адамы. Олай дейтініміз, журналистер қауымы – жеке басының қамымен өмір сүрмейтін жандар, үнемі желдің өтінде жүреді, ең жауапты істердің басы-қасында, күйіп-жанып тұрған мәселелердің тап ортасында, ыстық нүктелердің басынан табылып, қазақы ұғыммен бейнелесек, «сау басына сақина» тілеп, қарақан басының тірлігін былай жинап қойып, шырқырап, сабылып, жердің түбіне дейін баруға дайын жүрген, не болмаса, істің қайнаған қызу ортасында қарбаласқан, әбігер қалыпта-рында жиі ұшыратасыз. Журналистер қауымына, өзіңнің аяғың жеткен жерге дейін, дүниенің қай қиырынан да, әлемнің қай түкпірінен де жолың тоғысып қалып жатады. Мамандық атаулының ішінде көзге түскіші де, қоғамдағы ең белсендісі де, аңғарымпазы да, сергек сезімталы да журналистер қауымы десек, әсірелеп айтқандығымыз бола қоймас. Қоғамдағы ең тынымсыз, мазаң көңіл, белсенді адамды көрсет десе, өз тірлігінен ел мен жер мүддесін жоғары қоя алар алаңкөңіл бір адамды нұсқашы десе, қай-қайсысымыз болсын, ойланбастан журналистерді сенімді түрде нұсқап, көрсете алар едік. Және оларды қоғам жанашырлары деп те бағалаймыз, өйткені, қоғам артында адам тағдыры тұрады. Ал адам тағдырына арашашы болып жүрген, ең өзекті, жан ауыртар мәселесін көтеріп жүрген журналистерді қалайша жанашыр деп әспеттеп атап, құрметтемеске?!

Журналистерді «төртінші билік несі» деп атау да олардың шырқырап, адам тағдыры шешілер мәселелердің басы-қасынан табылатын жанашыр ниетті қасиет-қырларына орай айтылса керек.

Иә, қандай да болсын, мейлі, құлаққа жағымды, жағымсыз болсын, көз қуантар тәтті болсын, сырлы, салмақты болсын, сүйіншілеп, жар салар қуанышты, бөрікнді аспанға атар мерейлі, шаттыққа толы хабар болсын, сүренсіз оқиғалы болсын, ауыр сынақты болсын, күпті, күдікті, болашағы бұлдыр болсын, жүдеу-жадағай, жан ауыртар жаңалықты болсын, өзек өртер өкінішті болсын, ең алдымен, журналистер арқылы естіп, білетініміз анық. Айтар ауызға ғана жеңіл шығар, бұл дегеніміз, күндіз-түні жарғақ құлағы жастыққа тимеген мазасыз тірлік, тынымсыз еңбектің, сарсылған ізденістің нәтижесі ғой. Бұлар үнемі жол үстінде, үнемі халықтың көз алдында, сын тезінде өмір сүреді. Демек, журналистер жай ғана хабаршы, жаршылар ғана емес, халық өмірінің сарапшылары мен сыншылары. Олар, тіпті, қоғамның тәрбиешілері десек те артық болмас, өйткені, журналистер адам баласын саналы сергектікке тәрбиелейді, қоғамды құлағы түрік, көкірегі ояу жүруге үйретеді.

Қазақ халқының ұлы ағартушы ғалымы, ақыны Ахмет Байтұрсынұлы қазақ баспасөзінің қалыптасып, ілгері басуына, дамуына өлшеусіз үлесін қосып, қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштарының бірі «Қазақ» газетін шығарған, әрі тұңғыш редакторы болған адам. Ол баспасөздің ұшан-теңіз пайдасы туралы жаза келіп: «Газет – халықтың көзі, құлағы, һәм тілі» – деген ұлағат қалдырған. Міне, данышпан тұлғаның осы аз ғана сөзбен түйген даналық көзқарасынан баспасөздің адам үшін орны қандай екендігін айқын байыптап, түсінер едіңіз.

Бүгінгі журналистер мерекесі қарсаңында атап өтпеуге тағы қақымыз жоқ, жырмасыншың ғасыр басында қаулай шыққан алаш арыстарының ең алдымен қолға алған басты шаруаларының бірі – қазақ баспасөзін өрістетіп, жолға қою болатын.

Алаш арыстары бастарынан асып жатқан қоғамдық істері бола тұрса да қазақ газет-журналдарын ашуды қолға алды. Мемлекеттік, елдік, қоғамдық мәселелермен айналыса жүріп, «Айқап» журналын, «Қазақ», «Дала уәлаятының газеті», «Түркістан уәлаятының газеті», «Алқа» газеті сияқты басылымдардың ашылып, халыққа қызмет етуіне мұрындық болды. Әрине, саяси империялық идеология баспасөздің үгіт-насихаттық бағыттағы, халықтың көзін ашып оятудағы рөлін жақсы түсінді, сондықтан, халықтың арасына кең таралуына мүмкіндігінше бөгет жасап, жанталасып жауып, тұншықтырып отырды.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА – 90 ЖЫЛ

Отандық сот саласында өзіндік орны бар Қарағанды облыстық соты тоқсан жылдық мерейтойын тағылымды істермен атап өтті. Жұмысын 1936 жылдан бастаған бұл ынтымақты ұжым жылдар бойы сот әділдігін қамтамасыз етіп, заң үстемдігін орнықтырудың, азаматтардың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғап, тура төрелікке деген сенімді нығайтудың кепілі болып келді.

90 ЖЫЛДЫҚҚА
ТАРТУ



Мерейтойға арналған жиынға Қарағанды облыстық соты үлкен дайындықпен келді. Салтанатты шараға бір жыл бұрын қамданған судьялар мен сот қызметкерлері тарихтан сыр шертетін естеліктерін ортаға салып, бұқаралық ақпарат құралдарында тоқсан жылдың шежіресі жарияланып тұрды. Бұл өткен күннің өлмес мұраларын тірілтіп қоймай, аға буын мен кейінгі буынның арасын жалғаған тағылымды кадам еді. Бұл әрі «Өсер ел тарихын тасқа жазады» демекші, тарихын әспеттеудің, облыстық соттың жылнамасында орны бар тұлғаларды ұлықтаудың көрінісі іспеттес.

Мұны мерейтойлық жиынды ашқан Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев та әділ атап өтті. Сот саласының қоғамдағы қауіпсіздік пен заңдылықты қалыптастырудағы орны мен маңызына тоқталып, сот дамуына ұдайы қолдау көрсетілетінін айта келе, өңір басшысы судьялар мен сот қызметкерлерінің еңбегі мен белсенділігі үшін ризашылығын білдірді. Сонымен бірге Ермағанбет Бөлекпаев бірқатар сот ардагері, судья мен сот қызметкерлеріне көпшілік алдында марапаттарын тапсырды.

Одан кейін сөз алған Қарағанды облысының прокуроры Мұрат Тлеубердиев әріптестерге ақжарма тілегін жеткізе келе «Тоқсан жылда адам тағдыры ғана емес, сотқа деген биік сенім мен судьялардың жанкешті еңбегі тұр. Тоқсан жылда осы алтын шаңырақта қаншама буын алмасты. Бүгінде мемлекетіміздің түкпір-түкпірінде жауапты қызмет атқарып, ел мүддесі жолында еңбек етіп жүрген білікті мамандардың көпшілігі осы Қарағанды облыстық сотының қара шаңырағында тәлім алып, кәсіби шеберлігін шыңдағанын мақтанышпен айтуға болады. Мықты мамандар дайындаудың мектебіне айналған облыстық сот әлі де тәлімгерлік үрдісін дамытып, жастарға қамқорлық пен қолдау көрсетуде көпке үлгі болып келеді» деп көпшілік мойындаған ақиқатты тілге тиек етті.

Расында, Қарағанды облыстық соты судья кадрларын дайындаудың

мықты мектебі саналады. Аты әріптестер арасында зор құрметпен аталатын Мұсабек Әлімбеков, Өмірсерік Қо-

жабаев, Рашид Түсіпбеков, Ақылтай Қасымов, Мұхамеджан Пақырдінов, Ермек Серекбаев, Нұрсерік Шәріпов, Моряк Шегенов, Еркеш Мәукен, Қымбат Көміртасова секілді майталман судьялар осы қара шаңырақта тәжірибесін шындап, кәсіптің көшбасшысына айналған.


Қарағанды облыстық сотында сот ардагерлеріне деген құрмет ерекше. Облыстық сот төрағасы Ерден Әріпов ардагерлерге үнемі көңіл бөліп, бастамаларға қатысты пікір-ұсыныстарын тыңдауды жақсы дәстүрге айналдырған.

Сот саласына 39 жылдан аса уақытын арнап, кәсібінің өркендеуіне айтулы үлес қосқан оставкадағы судья Алма Мақажанова сот ұжымының ілтипатына дән риза. «Ерден Әріпов келгелі бері адаргер судьялардың басын жиі қосып, кәсіби мерекеде арнайы шақырып құттықтауды қалыпқа енгізді. Әрі төраға жұмысының қауырттығына қарамастан ардагер судьяның әрқайсысын туған күнімен құттықтап келеді. Содан болар, біз туған күніміз болған күні төрағаның құттықтауын Президент әкімшілігінен қоңырау шалатындай асыға күтеміз. Бұл біреуге жай ғана құттықтау болып көрінуі мүмкін, бірақ біз үшін осы бір қоңыраудың артында қаншама жылылық, құрмет, ілтипат жатыр десеңізші?!» дейді риза көңілмен.

Осы ардагерлер Қарағанды облыстық сотының тоқсан жылдық салтанатында да басты қонақ болды. Сәйкесінше облыстық сот төрағасы тапсырған марапаттың да алғашқы легі сот ардагерлеріне арналды. Сонымен бірге, соттың тарихы мен тұлғалар өмірінен тамыр тартатын энциклопедиялық кітапта да облыстық соттың жылнамасында із қалдырған аға буынның еңбегі айрықша дәріптелген. Тоқсан жылдыққа тарту ретінде дайындалған бұл кітап енді әр судья мен маманның көңіл төрінен орын алары анық.

Ең бастысы, Қарағанды облыстық сотының тоқсан жылдық шежіресін насихаттау күні кеше өткен салтанатты шарамен бітпейді. Соттың дамуына үлес қосқан судьялар мен сот қызметкерлері туралы естеліктер мен есті жазбалар әлі де жазылып, жариялана береді. Мерейтой құтты болсын, әріптестер!

Айнұр САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»



ЛЕБІЗ

ҚАЛАМҒЕРДІҢ
ҚОҒАММЕН
ТЫНЫСЫ БІР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алаш арыстары қашып-пысып жүріп, біресе, Омбы, Орынбор қалаларында, бірде Троицк, Семейде шығарып, қашан билеуші үкімет жауып тастағанша, кейде жылдап қызмет істеп, кейде аз ғана айлар істеп тұрса да, соның өзінде халық арасында өздерінің жас ұрпақты оқу-білімге шақырған, текке жатпай, қоғамдық іс-әрекетке атсалысуға, ел болып жұмылуға шақырған ізгі ойларын таратып үлгеріп, халқының болашағына қызмет етумен болды. Әрине, қазақтың ел болуы бағытында мәселелер бастан асатын, дегенмен, Алаш арыстарының арқасында баспасөз бірталай алға басып, негізі қаланып үлгергендігі анық. Халық баспасөз қуатын түйсінді, ал алаш арыстары халықты, әсіресе, жас ұрпақты тәрбиелеуде баспасөздің алапат күш-қуатын пайдалана білді.

Маған сондай дүрбелеңге толы, қым-қуыт, аласапыран заманда алаш арыстарының азуы алты қарыс, жүрген жолдарында миллиондаған халықтың қаны төгіліп, жосылған қасіретті іздерін қалдырып отырған қаһарлы большевиктер үкіметінен айылын жимай, газет-журнал жұмысын біршама алға бастырып үлгергені жүрек жұтқан ерлікпен пара-пар еді. Сол Алаш арыстарының баспасөз, газет-журнал айналасында айтқандары да өте өзекті, бірталай дәуір тынысынан хабар береді. Баспасөз қазақ даласында алғаш өрістеп, қанат жая бастағанда, алаш көсемдерінің бірі «Оян, қазақ!» атты әйгілі жырымен даңқы шығып, қазақ даласын дүр сілкіндіріп, серпіліс әкелген, ұйқыдағы даланы оятып, оқу-білім алуға, дүние көшінен қалмауға шақырған Міржақып Дулатұлы болатын. Сол халықтың көзін ашуға, оянуға шақырған жырларының бір тұсында: «Газет-журнал оқысаң, көзіңді қазақ, ашасың» – деп баспасөзді насихаттайтыны бар. М. Дулатұлының жинағын парактап отырсам, «Газет-журнал» деген өлеңіне көзім түсті. Өлеңде сол тұстағы баспасөздің рөлі, қаншалықты күш-қуатынның зорлығы тамаша ашылыпты, әрі, әрине, халыққа бағыт беруші, насихатшыл өлең. Дегенмен, осы «Газет-журнал» өлеңі маған осы күнгі журналистер еңбегінің де қаншалықты қадірлі, құндылығын танытып отырғандай болып көрінді. Өйткені, газет-журнал деген атаулардың артында оған маңдай терін төгушілер, төзімін сарқып, күндіз-түні ізденіп, еңбектенуші журналистер тұрады ғой.



Журналистердің жанкешті еңбегі туралы айтқанда қазақ баспасөзінің ардагері, әрі көрнекті жазушымыз Шерхан Мұртазаның: «Журналистің жегені – жантақ, арқалағаны – алтын» – деген қанатты сөзі еске түседі. Сірә, журналистер еңбегінің зейнетінен бейнеті басым жататындығын меңзегендігі болса керек деп топшылаймыз. Журналистер қауымының «арқалағаны – алтын» екеніне де еш шүбәмз жоқ. Жұрттың көзіне, бәлкім, тас жарып, тау қопарған әрекеттер тез шалынуы мүмкін, ал қаншама төзімін сарқыған, ізденістер мен толғаныстар арқылы сарсылтқан, ұзақ сабылыс жолдар арқылы қолға тиген газет-журналдардың артында тұрған журналист еңбегі бірден көзге шалына қоюы кәдік.

Айтпақшы, тағы бір айтатынымыз, журналистика дегеніміз – аса ұлағаты мол үйрену мен ізденістер мектебі. Журналистика мектебінен өтіп, қоғам қайраткеріне айналған, тіпті, ел басшылығына дейін көтерілген тұлғаларымыз, көрнекті қаламгер атанған абзал ардақтыларымыз өте көп. Жоғарыда Шерхан Мұртазаны атадық, ол еңбек жолын журналистикадан бастап, депутаттыққа дейін сайланған, ірі қоғам қайраткері, сонымен бірге, көрнекті жазушылығымен де биік тұлға болатын.

Одан әрі айта түсер болсақ, Алаш арыстары еске түседі. Мемлекеттік қайраткер деңгейіне дейін көтерілген көптеген алаш қайраткерлері осы журналистика саласына ден қою арқылы шыңдалды, өнеге мектебінен өтті. Сондай-ақ, қазақ халқының ұлы тұлғалары М. Өуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ғ. Мұстафин, Ғ. Мүсіреповтер қоғамдық қызметтерін журналистикадан бастады, одан кейін жазушы атанды, осы шыңдалу жолдары оларды елінің үлкен ұлы қайраткеріне айналдырды.

Ал енді, сөзіміздің соңында, өз тірлігімізбен байланыстыра сөз өрбітсек, бүгінгі журналистика тетігін ұстап отырған іні бауыр, қарындастарымыздың еңбектеріне де ала-бөтен тоқталғымыз келеді. Жасыратыны жоқ, өзге мамандық иелері болғандықтан, журналистиканың қыр-сырын терең біле бермейміз, олардың жүрдек қаламына, сергек ұшқыр жазғыштық қырларына ілесе алмай-тынымыз анық. Кейде, баспасөзге жолдаған материалымыз олпы-солпылау, ойымыз шашыраңқы, піспеген, бір қайнауы ішінде болып жетімсіз шығуы мүмкін. Осыны тез аңғарған журналистер ондай-ондай кемшілігімізді лезде аңғарып, сынықшыдай сылап-сипап, түзей қояды. Міне, бұл кісілердің сырт көзге шалына қоймайтын осы еңбектерінің өзін ұсақ-түйекке жатқызуға болмас еді. Бұл, бір жағынан, олардың өз ісіне берілген адалдығын көрсетсе, екіншіден, баспасөзге өз саласы бойынша түйінді мәселелерін бөліскісі келетін, өзіндік пікір-көзқарастарын білдіргісі келетін кез келген қоғам мүшесі үшін зор қолғабыс, әрі жанашыр ниет, тілектес пейіл тазалығына балар едік. Сол үшін де, ешкімді алағаңдай болмайық, барша журналистер қауымына, әсіресе, өзімізбен бұл орайда хабарласып, жаны шырқырап, күйіп жүретін, ойымызды айтқызбай-ақ аңғаратын бауыр-қарындастарымызға шексіз алғысымызды білдіреміз.

Мерекелеріңізбен, аса құрметті журналистер қауымы! Ең алдымен, дендеріңіз сау болып, отбасылық бақытқа бөленіңдер! Адал еңбектеріңіздің жемісін теріп жеп, ел құрметіне ие бола беріңіздер!

Сіздер, журналистер қауымы, әрқашан халыққа, қоғамға қызмет ете білудің биік өнегесі болып келдіңіздер, сол тұғырларыңыздан түспей, алдарыңыздағы ұлағатты жолдарды жалғастыра беріңіздер! Ел алдындағы абыройларыңыз әрқашан үстем болсын деген игі тілегімді білдіргім келеді.

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының
төрағасы



(Соңы. Басы 1-бетте)

Іріктеу жүйесінің осалдығы сондай, үміткерлер тек екі формальды сүзгіден – кабинеттегі бақылаусыз тесттен және билет арқылы ауызша емтиханның өтетін. Содан кейін олар судьяның 70% жалақысын алып, бір жыл стажировкадан соң кепілді түрде қызметке тағайындалатын. Осы жайлы айта келіп, қалыптасқан ахуалды Асанов мырза былайша ортаға салады. «Мысалы, елорданың аудандық соттарына қабылданған 39 жаңа судьяның 21-і жұмысты алып кете алмаған. Осындай олқылықтардың шарықтау шегі 2018 жылдың 6 наурызында болды. Жоғары Сот Кеңесі 88 үміткерді қарамақ болғанда, Жоғарғы Сотта оларды теренірек тексеруді ұйғардым. Нәтижесі адам шошытарлық: болашақ судьялардың ситуациялық кейстерді шешу деңгейі студенттерден де төмен болып шықты, 42%-ы психологиялық тесттен құлады, ал әссе жазуда тек 3 адам ғана қанағаттанарлық баға алып, төртеуі шпаргалкамен ұсталды. Дәл осы адамдар көп ұзамай судья болуы керек еді. Бұл жағдай Мемлекет басшысының жаңа судьяларды қабылдауға мораторий жариялауына және бізге іргелі реформаларды бастауымызға түрткі болды. Алайда, біз қолға алған бұл кадрлық реформалар кедергісіз, оңайлықпен жүре қойған жоқ. Түбегейлі өзгерістерге деген ішкі және сыртқы қарсылық өте үлкен болды. Тіпті Президент Әкімшілігі мен Жоғары Сот Кеңесінің кейбір лауазымды қызметкерлері тарапынан бұл жаңашылдықтарды қабылдамау, ескі жүйені сақтап қалу әрекеттері жасалды. Шынын айту керек, сол тұста айналамыздағы көптеген адамдар «осы шайқас немен бітер екен?» деген сыңай танытып, сырттай бақылап қана отырды. Дәл осындай сындарлы сәтте Жанат Сақыбайұлы бұғып қалған жоқ. Еш қаймықтап қасымнан табылды. Тәуекелге бел буып, бір сапта тұрдық. Бір мақсат жолында қызмет еттік. Осындай қиын-қыстау шақта танытқан табандылығы, адалдығы мен кәсіби ерлігі үшін оған айтар алғысым шексіз. Міне, осы бір тарихи бұрылыста бәріміз жабылып, бұрынғы формальды екі сүзгінің орнына көпсатылы, күрделі жүйені енгіздік: деректерді шифрлау, ситуациялық кейстер, әссе, сұхбат, құзыреттерді бағалау. Реформа нәтижесінде бұрынғыдай әрбір төртінші емес, тек жиырмасыншы үміткер ғана сүзгіден өтетін болды. Кездейсоқ адамдарға сот жүйесінің есігі тарс жабылды. Сонымен қатар қатардағы судьялардың біліктілігі Нидерланд пен БҰҰ сарапшыларының қатысуымен әзірленген жаңа әдістеме бойынша бағалана бастады. Реформадан кейін 7% судья бұл сыннан өте алмай, 5 жыл ішінде әрбір бесінші судья қызметтен босатылып, төмендетіліп немесе жазаланды. Жүйе тазарды. Мемлекет басшысының саяси ерік-жігерінің арқасында судьялардың жалақысы еселеніп, жүктеме азайды, тәуелсіздік кепілі нығая түсті. Ал Сот төрелігі академиясы нағыз кадр ұстаханасына айналды». Бұл баға Жанат Сақыбайұлының кәсіби ғана емес, азаматтық ұстанымының да жоғары екенін көрсетеді.

Таланшыл тәлімгер

2020–2023 жылдары Жанат Сақыбайұлы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінде, қазіргі Сот әкімшілігінде кадр

қызметін басқарды. Бұл кезеңде ол сот жүйесінің кадрлық әлеуетін нығайтуға, кадрларды іріктеу мен даярлау сапасын арттыруға, кәсіби сабақтастықты сақтауға ерекше көңіл бөлді. Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің басшысы Нәиль Ахметзакиров те оның маман, азаматтық келбеті жайлы ризалықпен әңгімелейді. Әріптес қана азаматтың іскерлік қабілетін, ұстанымын әділ бағалай алады. Өйткені, ол саланың ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген, әр нәтижелі істің артында жігер, қайрат, табандылықпен қатар әділдікке деген құлшыныс жататынын біледі. Сондықтан

бірге қызмет атқарған әріптестердің жүрегінде әрдайым алғыс сезімі бар». Шынында да, кадр қызметінде жұмыс істеген жылдары көптеген жас мамандар оның тәжірибесінен үйреніп, кәсіби тұрғыдан өсті.

Бекназаровтың бағасы «Бес!»

Жанат Сақыбайұлымен әр жылдары бірге қызмет атқарған әріптестері оның ұйымдастырушылық қабілетін де ерекше атап өтеді. Бізбен әңгімесінде Алматы қаласының Бостандық аудандық №2 сотында 2015-2020 жылдары бірге қызмет еткен әріптесі Людмила Мұратқызы оның басшылық қасиеттеріне тоқталған еді. Людмила Мұратқызының айтуынша, Бекжановтың басшылығымен жұмыс істеу әрдайым жайлы болатын. Ол өте ақылды, тактикалы әрі сауатты ұйымдастырушы ретінде көзге түсті. Қоғамдық жұмыстарда да үлкен шығармашылық әлеует көрсетті. «Судьялар одағының Алматы филиалындағы жұмыста да бірге қызмет атқарған жылдарда Жанат Сақыбайұлы адал әріптес, білікті ма-

Жанат Бекжановпен алғашында сырттай ғана таныс болғанын, ал оның қызметіне нақты бағаны Қызылорда облысына жасаған жұмыс сапары кезінде бергенін еске алып еді.

«Қызылорда облысына барған сапарымда облыстық сотпен қатар қалалық соттың жұмысымен де арнайы таныстым. Сол кезде Жанат Сақыбайұлы басқарып отырған ұжымның қызметін өз көзіммен көріп, қараған істерімен, сот кеңсесінің жұмысымен таныстым. Судьяларға жасалған жағдай, ұжымдағы тәртіп пен өзара қарым-қатынас мәдениеті бірден назар аударды. Оның жұмысты жүйелі ұйымдастыра білетінін, кәсіби білігі жоғары, талап қоя алатын әрі жауапкершілігі мол басшы екенін анық байқадым», – дейді Бектас Бекназаров.

Оның айтуынша, Жанат Бекжанов Қызылорда қалалық сотын басқарған жылдары сот ұжымы жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, өңірдегі үздік көрсеткіштердің бірінен көрсетті. Әсіресе, сот жұмысын тиімді үйлестіруі, судьялар мен қызметкерлер арасында іскерлік тәртіп қалыптастыруы басшылық тарапынан жоғары бағаланған. «Астанаға оралғаннан кейін мұндай

меңгерген, басқарушылық қабілеті жоғары кадр екенін дәлелдеді», – деп атап өтті Бектас Бекназаров.

Басты марапат – халықтың сенімі, әріптестер құрметі және шәкірттер алғысы

Жанат Сақыбайұлы Судьялар одағының жұмысына да белсенді қатысты. Ол бірнеше рет Судьялар одағы съездерінің делегаты болып сайланды. Сонымен қатар екі өңірдегі әріптестері оны Судьялар одағы филиалының төрағасы етіп сайлап, жоғары сенім білдірді. Бұл оның кәсіби беделінің ғана емес, әріптестер арасындағы адами абыройының да көрсеткіші.

Көп жылғы жемісті еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Жанат Сақыбайұлы «Құрмет» орденімен марапатталды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына, Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 және 30 жылдығына арналған мерейтойлық медальдардың иегері атанды. Бұдан бөлек, сот жүйесі мен Судьялар одағының көптеген ведомстволық марапаттары мен құрмет белгілеріне ие болды. Алайда оның басты марапаты – халықтың сенімі, әріптестерінің құрметі және шәкірттерінің алғысы десек артық емес.

Жанат Сақыбайұлы туралы сөз болғанда әріптестері ең алдымен оның адамдық қасиеттерін айтады. Тапшылық пен мейірімділік, принципшілдік пен қарапайымдылық оның бойынан қатар табылатын қасиеттер. Ол әрдайым тыңдай білетін, қиын жағдайда қолдау көрсететін, тәжірибесін бөлісуден жалықпайтын тәлімгер ретінде есте қалды. Қызметтік жетістіктер уақыт өте тарихқа айналуы мүмкін. Ал адамдардың жүрегінде сақталған жақсы естелік пен шынайы құрмет мәңгі қалады. Жанат Сақыбайұлы дәл осындай құрметке ие болған тұлға.

Бүгінде Жанат Сақыбайұлы құрметті демалысқа шыққанымен, оның сот жүйесіндегі жарты ғасырға жуық еңбек жолы кейінгі буын үшін үлкен мектеп болып қала береді. Ол әділдікке қызмет етудің, мемлекеттің мүддесіне адал болудың, қиын кезеңдерде прин-

АЙ – ОРТАҚ, КҮН – ОРТАҚ, ЖАҚСЫ – ОРТАҚ



Ұлылық – ұлықтықта емес, кішілік пен кісілікте

Мен Жанат Сақыбайұлымен Алматы қаласының сот жүйесінде ұзақ жылдар бойы бірге қызмет ету мәртебесіне ие болдым. Осынау жылдар ішінде қалыптасқан жылы да сыйластыққа толы қарым-қатынасымыз бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Біз қазір де жиі хабарласып, сот реформалары төңірегінде ой бөлісіп, амандық-саулық сұрасып тұрамыз.

Жанат Сақыбайұлы туралы білікті әріптес, білімді басшы ретінде көп нәрсе айтуға болады. Алайда, мен оны, ең алдымен, «Бас әріппен жазылатын АЗАМАТ», нағыз кісіліктің үлгісі ретінде ашып көрсеткім келеді. Оны өзге әріптестерден даралап тұратын басты қасиеттері – шынайы адамгершілігі, мейірімділігі, өзге жанның мәселесіне бей-жай қарамай, уақыты мен көмегін аямайтын жанашырлығы. Ол – болмысы ашық, жаны жомарт, ата-бабамыздың салт-дәстүрлері мен заңдарын терең білетін және сол қасиетті құндылықтарды қазіргі заман талабымен шебер ұштастыра білген тұлға.

Мен оның бұл қырларын Алматы қалалық Судьялар одағы филиалының төрағасы болып тұрған тұста, ардагер судьялармен жұмыс істеген кезінде анық байқадым. Жанат Сақыбайұлының арқасында біз зейнеттегі ардагерлермен байланысты мүлдем жаңа, жоғары деңгейге көтердік. Тіпті, кейіннен Астана қаласына, Жоғарғы Сотқа қызметке ауысқаннан кейін де Алматыдағы ардагерлерге деген қамқорлығы мен көмегін тоқтатқан жоқ.

Оның адами болмысын айқындайтын өмірден алынған бір ғана оқиғаны еске алғым келеді. 2020 жыл... Дүниежүзін пандемия жайлап, жаппай карантин жарияланған, ауру мен өлім-жітім көбейіп, үлкен кісілерге үйден шығуға тыйым салынған ауыр кезең еді. Мен де сол вирусты жұқтырып, үйде өз бетімше дертпен алысып жатқанмын. Дәл осы қиын сәтте 2003 жылдан бері отставкадағы ардагер судьямыз Болат Тохметұлы Тохметов-

тың қайтыс болғаны туралы суық хабар жетті. Ол кісі артында зайыбы мен бала жасынан мүгедек ересек ұлын қалдырыпты, ал қызы отбасымен Ирландияда тұратын. Ауыр дерттен көз жұмған әріптесімізді соңғы сапарға шығарудың қаншалықты қиын болатынын бірден елестеттім. Оның үстіне, марқұмның соңғы аманаты – өзі ұзақ жылдар еңбек еткен Теміртау қаласында жерленуі екенін жеткізді.

Қалалық соттар әкімшілігі, өкінішке орай, жұмысбастылықты, адамдардың тапшылығын және карантинді сылтауратып, жерлеу рәсімін ұйымдастыруға қол ұшын создан бас тартты, тек материалдық қаражат жинаумен ғана шектелді. Мен не істерімді білмей, тығырыққа тірелдім. Ардагерлерге қолқа сала алмаймын – үйден шығуға болмайды, өзім де ауырып жатырмын. Сол сәтте Астанада жүрген Жанат Сақыбайұлы есіме түсті. Оған телефон соғып, жағдайды түсіндіріп, көмектесуін өтіндім. Тұтқаның арғы жағынан оның шынайы жанашырлығы мен көмекке дайын дауысын естігенде, көзіме жас еріксіз құйылды.

Жанат Сақыбайұлы бұл жағдайды дереу Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановқа баяндады. Бірнеше сағаттың ішінде төрағаның тапсырмасымен және Қарағанды облыстық сотының төрағасы Нұрсерік Көрімұлы Шәріповтың тікелей араласуымен ардагер судья Б.Т. Тохметовтың соңғы аманаты орындалып, оны Теміртау қаласында жерлеу мәселесі толық шешілді.

Бұл – Жанат Сақыбайұлының ғибратты ғұмырынан алынған бір ғана мысал. Мен әріптесіме шын жүректен мықты денсаулық, бақытты да мазмұнды зейнеттік ғұмыр көшуін тілеймін!

Құрметпен,
Отставкадағы судья Г. МУСИНА

Ахметзакировтың пікірін өзгеріссіз бергенді жөн көрдік.

Ол бізбен әңгімесінде әріптесі жайлы былай деген еді: «Жанат Сақыбайұлы кадрлық процестерді үнемі бақылауда ұстап, адамдарға әрқашан қамқорлықпен қарайтын басшы болды. Жауапкершілігі, тәртіптілігі және өз ісіне деген адалдығы оны әріптестері арасында ерекше құрметке бөледі. Кәсіби тәжірибесі мен сот жүйесінің ерекшеліктерін терең түсінуінің арқасында Жанат Сақыбайұлы кадр қызметінің дамуына елеулі үлес қосты. Оның басшылығымен маңызды кадрлық мәселелер шешіліп, жұмыс процестері жетілдірілді, қызметкерлердің кәсіби дамуына және тәжірибе сабақтастығын сақтауға айрықша көңіл бөлінді. Сырт көзге талапшыл көрінгенімен, оның болмысында мейірімділік пен жанашырлық қатар жүреді. Ол әрдайым тыңдай білетін, қиын жағдайда қолдау көрсететін, даналық кеңес бере алады. Көптеген қызметкерлер оны өз білімін және мол тәжірибесін аныбай бөлісетін тәлімгер ретінде таныды. Мұндай адамдар өздерінен кейін тек атқарылған жұмыстың нәтижесін ғана емес, әріптестерінің құрметі мен ізгі естелігін де қалдырады. Олармен

ман, сенімді дос ретінде танылды. Бүгінгі заманда мұндай қасиеттердің өте құнды екеніне сөз жоқ» дейді Людмила Мұратқызы. Әріптестерінің осындай пікірлері Жанат Сақыбайұлының тек кәсіби басшы ғана емес, биік парасат пен даналықтың иесі екенін аңғартады.

Жанат Сақыбайұлының кәсіби біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілетіне жоғары баға бергендердің қатарында Жоғарғы Соттың бұрынғы төрағасы Бектас Бекназаров та бар. Ол кісіден әріптесі жайлы сұғранымызда

тәжірибелі әрі қабілетті кадрға жауапкершілігі жоғары қызмет жүктеу қажет деген шешімге келдім. Сол кезеңде Алматы қаласындағы мамандандырылған экономикалық соттың жүктемесі ауыр болатын. Республикаға мықты төраға керек еді. Сондықтан бұл қызметке Жанат Сақыбайұлын ұсындым. Ол көрсетілген сенімді толық ақтады. Қай қызметте жүрсе де іскерлігімен, кәсіби біліктілігімен ерекшеленіп, талап қоя білетін басшы ретінде танылды. Сот әкімшілігі мен кеңсе жұмысын жетік

циптен таймаудың үлгісін көрсетті.

Өмір жолына көз салсақ, оның кәсіби жетістіктерінің түп негізінде еңбекқорлық, жауапкершілік, білімге құштарлық және адамға деген құрмет жатқанын көреміз. Сондықтан Жанат Сақыбайұлы Бекжановтың есімі отандық сот жүйесінің тарихында әділдік туын биік ұстаған тұлғалардың қатарында лайықты орын алады.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»



САРАП

ТЕРГЕУ СОТЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?

Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан құқықтық реформалардың негізгі мақсаты – адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған әділетті мемлекет қалыптастыру. Жүргізілген реформалар елдің құқықтық жүйесін жаңғыртуға және сот билігінің тәуелсіздігін нығайтуға бағытталды. Осы өзгерістер аясында тергеу соттарының құқықтық мәртебесі мен қылмыстық процестегі рөлі айтарлықтай күшейді. Тергеу соты қылмыстық процестегі заңдылықты қамтамасыз ететін және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың маңызды кепіліне айналды.

Елімізде жүзеге асырылған реформалар Қазақстан қоғамының құқықтық санасының жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетті. Конституцияға енгізілген өзгерістер адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды мемлекеттің басты құндылығы ретінде айқындап, құқықтық жүйенің одан әрі дамуына берік негіз қалады. Аталған қағидаттар құқықтық жүйенің одан әрі дамуы үшін маңызды теориялық және практикалық мәнге ие.

Реформа адам құқығын қорғаудың тиімді тетігін қалыптастырады

Бүгінде жалғасы ретінде Ұлттық құрылтай шеңберінде құқықтық мемлекет қағидаттарын одан әрі жетілдіруге бағытталған жаңа заңнамалық және институционалдық бастамалар ұсынылды. Аталған бастамалар шеңберінде сот төрелігінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Бұл өз кезегінде тергеу соттарының қылмыстық процестегі конституциялық кепілдіктерді қамтамасыз етудегі рөлін одан әрі нығайтып, құқықтық жүйені жаңғырту үдерісінің сабақтастығын айқындады.

Реформаның негізгі мақсаты – мемлекеттік билік тармақтарының өзара үйлесімділігін қамтамасыз ету және адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін қалыптастыру болды. Осы өзгерістер нәтижесінде сот билігінің, оның ішінде тергеу соттарының қылмыстық процестегі рөлі күшейіп, азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы маңызы артты.

Тергеу соты – қылмыстық процесте азаматтардың құқықтары мен мемлекеттік мүдделердің сақталуын қамтамасыз ететін маңызды құқықтық институт. Қылмыстық процестің бастапқы кезеңінде күдікті адамның құқықтары шектеледі: қамауға алу, тінту жүргізу, мүлікке шектеу қою, жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау сияқты қаулы адамның тағдырына тікелей әсер етеді.

Мұндай жағдайда азаматтар құқығының сақталуын тәуелсіз сот бақылауы қамтамасыз етеді. Бұрын қылмыстық қудалау органдарының шешімдері басымдыққа ие болса, қазіргі кезеңде сот бақылауының күшеюі қылмыстық процесте заңдылық пен құқықтық кепілдіктердің сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр. Бұл – халықаралық құқықтық стандарттарға сай келетін маңызды жетістік. Дамыған құқықтық мемлекеттер тәжірибесінде тергеу судьясы азаматтардың бостандығын қорғаудың негізгі кепілі ретінде танылады.

Тергеу сотының міндеті тек санкция беру емес

Ұзақ уақыт бойы посткеңестік кеңістікте қылмыстық процесс айыптау бағыты басым жүйе



ретінде қалыптасты. Алдын ала тергеу органдарының өкілеттігі басым болып, азаматтардың құқығын қорғау бүгінгідей болған жоқ. Соның салдарынан қоғамда «сот – тергеу органының шешімін тек бекітуші орган» деген түсінік қалыптасты. Бүгінгі Жаңа Қазақстан жағдайында бұл модель түбегейлі өзгерді. Тергеу сотының негізгі міндеті – тек санкция беру емес, адамның негізгі құқығы мен бостандығын қорғау. Әсіресе, қамауға алу бұлтартпау шарасын қолдануда тергеу судьясының жауапкершілігі айрықша. Өйткені қамау – адамның конституциялық бостандығына ең ауыр жазаның бірі. Сондықтан әрбір санкцияланған шешім адамның құқығы мен заңды мүддесіне тікелей әсер ететінін ескеру қажет. Құқықтық мемлекет жағдайында адамның конституциялық құқығы мен бостандығы тергеу мүддесінен жоғары тұруы тиіс. Бұл – Конституцияда бекітілген маңызды кепілдік.

Тергеу соттарының болашағы, ең алдымен, олардың институционалдық тәуелсіздігімен және қабылданатын қаулыларының заңдылығы, негізділігімен байланысты. Тергеу судьясы қандай да бір сыртқы ықпалдан тәуелсіз болып, тек Конституция мен заң талаптарын басшылыққа ала отырып қаулы қабылдауы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, қоғамда «Заң мен тәртіп» қағида-тын орнықтыру азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін арттыруға, заң үстемдігін нығайтуға және адам құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін дамытуға ықпал етеді.

Кәсібилік ерекше маңызға ие

Қоғамның сотқа деген сенімі – мемлекет тұрақтылығының негізгі көрсеткішінің бірі. Азаматтардың сот әділдігіне деген сенімінің төмендеуі құқықтық мемлекет қағидаттарының тиімді жүзеге асуына кері әсер етеді. Сондықтан тергеу судьясының тәуелсіздігі – сот жүйесінің тұрақтылығының кепілі. Бүгінде қоғам судьядан тек заңды білуді ғана емес, жоғары құқықтық мәдениет пен адам тағдырына деген жауапкершілікті талап етеді. Бір ғана санкция адамның өміріне, мансабына, отбасылық жағдайына тікелей әсер етеді. Сондықтан тергеу судьясының кәсібилігі мен моральдық жауапкершілігі ерекше маңызға ие.

Құқықтық мемлекет үшін ең маңызды қағидаттың бірі – адамның ар-намысы мен қадір-қасиетінің мүлтіксіз қорғалуы. Сондықтан тергеу соттарының қызметі күдіктіге заңсыз тергеу әрекеттерінің алдын алуда шешуші рөл атқарады.

Қазіргі таңда қоғамда құқық қорғау органдарының әрекеттеріне қатысты ашықтық пен заңдылыққа сұраныс артып келеді. Мұндай жағдайда тергеу судьясы азаматтардың шағымын объективті қарап, процестік заңбұзушылықтарға уақытылы құқықтық баға беруі қажет. Себебі: өркениетті мемлекет ең алдымен адам құқығына деген құрмет деңгейімен бағаланады.

Жаңа реформалар жағдайында адам құқығын мүлтіксіз қорғау мәселесі құқықтық мемлекетті дамытудың негізгі басымдығының біріне айналып отыр. Осы ретте болашақ заңгерлер мен магистранттардың конституциялық құндылықтарды терең меңгеруі және оларды құқық қолдану тәжірибесінде тиімді жүзеге асыра алуы маңызды. Бү-

гүнгі күні Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бастамасымен қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру бағытында бұрын-соңды болмаған жүйелі құқықтық реформалар жүзеге

Тергеу судьяларының процессуалдық жүктемесінің артуы да өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Санкциялар мен өтініштер санының көбеюі істерді қарау барысында жан-жақтылық пен қойылатын талаптарды күшейтеді. Осыған байланысты тергеу соттарының институционалдық әлеуетін нығайту, судьялардың кәсіби біліктілігін арттыру және олардың тәуелсіз қызметіне қолайлы жағдай қалыптастыру маңызды.

Жасанды интеллект судьяны алмастыра алмайды

Әлемдік тәжірибеде сот жүйесін цифрландыру аясында жасанды интеллект технологияларын қолдану үрдісі қарқынды дамып келеді. Бұл сот өндірісінің ашықтығы мен жеделдігін арттыруға, сондай-ақ процестік рәсімдерді оңтайландыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, қандай жасанды интеллект енгізілсе де, адам тағдырына қатысты шешім қабылдау кезінде судьяның ар-ожданы, ішкі сенімі және құқықтық ұстанымы негізгі басшылыққа алынуы тиіс.

Тергеу соттарының қызметін одан әрі жетілдіру цифрлық технологияларды кеңінен енгізумен тығыз байланысты. Жаһандық цифрлық трансформация сот төрелігін жүзеге асыру тетіктеріне жаңа талаптар қоюда. Тергеу соттарының қызметін жетілдіру үшін электронды қылмыстық істер, онлайн сот процестері, қашықтан санкция беру рәсімдері және жасанды интеллект элементтерін енгізу маңызды. Бұл сот жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Әсіресе шалғай өңірлердегі азаматтардың сотқа қолжетімділігін қамтамасыз етуде цифрландырудың рөлі ерекше. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар процестің ашықтығын күшейтіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға ықпал етеді. Бұл қоғамның сот жүйесіне деген сенімін арттырудың маңызды құралдарының бірі.

Тергеу судьяларының процессуалдық жүктемесінің артуы да өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Санкциялар мен өтініштер санының көбеюі істерді қарау барысында жан-жақтылық пен қойылатын талаптарды күшейтеді. Осыған байланысты тергеу соттарының институционалдық әлеуетін нығайту, судьялардың кәсіби біліктілігін арттыру және олардың тәуелсіз қызметіне қолайлы жағдай қалыптастыру маңызды.

Қазіргі қоғамда азаматтардың құқықтық сауатының деңгейі артып келеді. Құқықтық сана мен азаматтық мәдениеттің нығаюы заңдылық қағидаттарының берік орнығуына ықпал етуде. Осындай жағдайда тергеу соттарының кәсібилігіне, объективтілігі мен әділдігіне қойылатын талаптар да жоғарылай түседі.

Тергеу сотының болашағы жарқын

Тергеу сотының болашағы – құқық үстемдігіне негізделген әділетті мемлекеттің болашағы. Тергеу сотының дамуы мен оның қызметінің нәтижелілігі жалпы құқықтық реформалардың тиімділігін және мемлекеттің құқықтық даму деңгейін бағалаудың маңызды өлшемдерінің бірі болып саналады. Азаматтардың заң алдындағы қорғалу деңгейі артқан сайын, олардың мемлекетке деген сенімі нығая түседі. Қоғамдық сенім орныққан жағдайда тұрақтылық пен даму қамтамасыз етіледі. Ал тергеу сотының басты міндеті – мемлекет пен азамат арасындағы құқықтық тепе-теңдікті сақтау.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бастамасымен қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру бағытында бұрын-соңды болмаған жүйелі құқықтық реформалар жүзеге

Тергеу сотының болашағы – құқық үстемдігіне негізделген әділетті мемлекеттің болашағы. Тергеу сотының дамуы мен оның қызметінің нәтижелілігі жалпы құқықтық реформалардың тиімділігін және мемлекеттің құқықтық даму деңгейін бағалаудың маңызды өлшемдерінің бірі болып саналады. Азаматтардың заң алдындағы қорғалу деңгейі артқан сайын, олардың мемлекетке деген сенімі нығая түседі. Қоғамдық сенім орныққан жағдайда тұрақтылық пен даму қамтамасыз етіледі. Ал тергеу сотының басты міндеті – мемлекет пен азамат арасындағы құқықтық тепе-теңдікті сақтау.

асырылуда. Қылмыстық-процестік заңнаманы қолдану мәселелері жөніндегі нормативтік қаулыларға енгізілген соңғы өзгерістер тергеу судьяларының сот бақылауын жүзеге асырудағы өкілеттіктерін кеңейтіп, олардың қылмыстық процестегі конституциялық кепілдіктерді қамтамасыз етудегі рөлін едәуір күшейтті. Әсіресе, бұлтартпау шараларын санкциялау, шағымдарды қарау, процестік шешімдердің заңдылығын бағалау, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесін біріздендіру мәселелері бойынша қабылданған құқықтық өзгерістер тергеу соттары қызметінің тиімділігін арттырудың маңызды институционалдық тетігіне айналды. Бұл құқықтық өзгерістер қылмыстық процестегі заңдылық қағида-тының сақталуын қамтамасыз етіп қана қоймай, азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығын қорғаудың процестік кепілдіктерін нығайтуға негіз болды. Осыған байланысты тергеу соттарының құқықтық мемлекет қалыптастырудағы рөлі қазіргі құқықтық реформалар жағдайында айрықша мәнге ие болып отыр.

Тергеу соты институтының одан әрі дамуы-қылмыстық процесті ізгілендіру мен сот бақылауын күшейтуге бағытталған құқықтық маңызы бар бағыт. Қазіргі кезеңде тергеу соттарының қызметі тек процестік бақылаумен шектелмей, азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығын қорғаудың тиімді тетігі ретінде қалыптасып келеді. Тиімді сот бақылауы мемлекеттік билік органдары қызметіндегі заңдылық мен ашықтық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ете отырып, қоғам мен мемлекет арасындағы құқықтық сенімнің нығаюына оң әсер етеді. Тергеу соты институтын одан әрі жетілдіру, елімізде әділ сот төрелігін қалыптастырудың және құқықтық мемлекетті дамытудың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Демек, тергеу соттарының сапалы қызметі қылмыстық процестегі заңдылықты қамтамасыз етудің ғана емес, адамның қадір-қасиеті мен конституциялық құқықтарын қорғауға негізделген заманауи құқықтық мемлекетті қалыптастырудың маңызды алғышарты болып табылады. Сондықтан тергеу соты институтын жетілдіру құқық үстемдігін нығайтуға, азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауға және әділ сот төрелігін қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық реформалардың басым бағыттарының бірі болып қала береді.

Мұратғали ӘКЕТАЙ,
з.ғ.к., доцент, Өскемен қаласы
мамандандырылған
ауданаралық тергеу сотының төрағасы

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТКЕ – 5 ЖЫЛ

ЕЛ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚҚАН РЕФОРМА

Қазақстанның құқықтық жүйесіндегі ең ауқымды әрі жемісті реформаның бірі – әкімшілік әділет институтының құрылуы болды. Биыл осы жасампаз қадамға, яғни Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (ӘРПК) күшіне өніп, мамандандырылған соттардың жұмыс істей бастағанына 5 жыл толды. Бес жыл – тарих өлшемімен қысқа мерзім болғанымен, еліміздегі сот төрелігінің жаңа сапаға көтерілуі мен азаматтардың мемлекеттік аппаратқа деген сенімін нығайту үшін жеткілікті уақыт.

Судья корпусының өкілі ретінде бұл бес жыл біз үшін тек жаңа заңды қолдану кезеңі емес, ел мен билік арасындағы қарым-қатынастың мүлдем жаңа мәдениетін қалыптастыру кезеңі болды деп нық сеніммен айта аламын.

Әкімшілік әділет енгізілгенге дейін мемлекеттік орган мен қарапайым азамат арасындағы дауларда таразы басы көбіне шенеуніктер жағына ауып кететіні жасырын емес еді. Себебі, мемлекеттік құрылымның әкімшілік,

қаржылық және заңгерлік ресурсы жеке тұлғаға қарағанда әлдеқайда жоғары. Ал ӘРПК бұл теңсіздікті түбегейлі жойды. Бұл жүйенің ең басты ерекшелігі – соттың белсенді рөлі қағидаты. Егер бұрын азамат өзінің құқығы бұзылғанын дәлелдеуге міндетті болса, қазіргі таңда мемлекеттік орган өз шешімінің заңдылығын дәлелдеуге міндетті. Судья тек қана тараптардың уәжін тыңдап қоймайды, даудың анық-қанығына жету үшін өз

бастамасымен дәлелдеме жинай алады, талап қоюды дұрыс тұжырымдауға көмектеседі.

Әкімшілік әділеттің қарапайым халыққа тигізген пайдасы орасан зор. Ең алдымен, «Билік халық үшін жұмыс істейді» деген тұжырымдама іс жүзінде жүзеге асты.

Әуре-сарсаң мен бюрократияның азаюы: әкімшілік рәсімдердің нақтылануы арқасында мемлекеттік органдар азаматтардың өтініштерін қарау кезінде өз еркіне сала алмайтын болды. Тәртіп бұзған шенеуніктерге қатысты соттың ақшалай айыппұл салу құқығы – мемлекеттік аппараттың жауапкершілігін еселеп арттырды.

Уақыт пен қаражатты үнемдеу: Жаңа жүйе аясында татуласу рәсімдері мен медиация кеңінен қолданыла бастады. Көптеген даулар ұзаққа со-

зылмай, сот сатысында-ақ тараптардың өзара келісімімен шешімін табуда.

Заңсыз шешімдердің жедел күшін жою: салық, кеден немесе жер қатынастары бойынша заңсыз қабылданған актілер сот шешімімен тез арада жойылып, кәсіпкерлердің бизнесін тоқтатпай, азаматтардың мүлкін сақтап қалуға мүмкіндік берді. Соттардың сандық форматқа көшуі, онлайн отырыстар өткізу мүмкіндігі де азаматтардың уақытын үнемдеп, сот төрелігінің қолжетімділігін арттыра түсті.

Бес жылдық белесті бағындырған әкімшілік әділет институты бұл жетістіктермен тоқтап қалмайды. Алдағы уақытта бізді сот жүйесін одан ары жетілдіруге бағытталған маңызды міндеттер күтіп тұр. Соның ішінде сот практикасын біріздендіру керек. Әкімшілік істер бойынша заңнаманың қолданылу аясын одан ары нақтылап, бүкіл республика бойынша біртұтас, болжамды сот практикасын нығайту өзекті. Сондай-ақ сот процестерін барынша автоматтандыру, істерді бөлу мен құжат айналымын жеңілдету арқылы судьялардың техникалық жү-

мысын азайтып, негізгі назарды істің сапасына аудару керек. Бұдан бөлек, халық арасында әкімшілік әділеттің мүмкіндіктерін түсіндіру жұмыстарын жалғастыру кезек күттірмейді. Әрбір азамат өз құқығы заңсыз бұзылған жағдайда, оны сот арқылы қорғай алатынына толық сенімді болғаны жөн.

Қазақстандағы әкімшілік әділеттің бес жылдық тарихы – бұл әділдік пен құқық үстемдігінің салтанат құруының дәлелі. Мемлекет басшысы атап өткен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының басты тірегі де осы әкімшілік соттар болып табылады. Судьялар азаматтардың заңды құқығы мен мүддесін қорғап, елімізде құқықтық мемлекет қағидаттарының берік орнығуы үшін еңбек етеді. Осы ретте әкімшілік әділет – заңның әділдігі мен мемлекеттің жауапкершілігін ұштастыратын сенімді көпір болып қала бермек.

Айнагул УСЕРБАЕВА,
Бейнеу аудандық сотының
төрағасы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

– Бекжан Төребекулы, еңбек жолыңызға қарасам «Қазақ университеті», «Ел мен жер», «Заң газетінде» бас редактор, «Жас қазақ үні», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде редактордың орынбасары болып қызмет етіпсіз. Қазір ғылым жолын қуып, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінде жас журналистерді тәрбиелеуге атсалысып жүрсіз. Жаңа Қазақстанның журналистикасы қандай болуы керек?

– Статистика бойынша басына іс түскен адамдардың 70 пайызы өзінің мәселесін айтуға ақпарат құралдарына барады. 20 пайызы мінажат орандарына барады. Тек 10 пайызы ғана сотқа барады. Негізі демократиялық қоғамда мәселесін шешкісі келетін әрбір азамат өз құқығын қорғау үшін 100 пайыз сотқа баруы керек қой. Бізде олай болмай тұр. Одан кейін журналистика құзырлы орган емес, тек қоғамдық пікірге ықпал ете алады.

Біздің журналистер көбінесе «заңда осылай ғой» дейді де, қай заңның, қай бабы екенін айтпайды. Мысалы Голливуд киноларының кейіпкерлері Америка Конституциясының 2-түзетіліміне, 13-түзетуіне байланысты деп нақты адреспен сөйлейді. Осыдан 4-5 жыл бұрын студенттерім тағылымдамадан өту үшін Германияға барды. Гүлзарда ойнап жүрген баланы көріп бәрі телефонға түсірген ғой. «Баламды неге рұқсатсыз түсіріп жатыр» деп анасы полиция шақырыпты. Олар дабыл белгісін қосып, өздерінің арнайы көлігімен келген соң тіл білетін жетекшілер араға түсіп, студенттер заңдық жауаптылықтан әрең дегенде аман қалған. Яғни, онда заң жұмыс істейді. Бізде кез келген адам ешкімнен рұқсат сұрамай суретке түсіріп, әлеуметтік желіге салады. Бұл сөз бостандығының шыңы сияқты көрінеді. Сондықтан біздің азаматтарымыз біреу көшеде рұқсатсыз телефонға, бейнекамераға түсірсе, «кешіріңіз, Азаматтық кодекстің 145-бабы бойынша менің рұқсатымсыз суретке түсіруіңізге болмайды» деу керек. Кейбіреулерге рұқсатсыз суретке түсіру, сөйлеуге тыйым салу сөз бостандығын шектеу сияқты көрінуі мүмкін.

– Журналистердің өзіне құқықтық сауат керек дейсіз ғой? – Азаматтық кодекстің 145-бабы «Өз бейнесіне құқық» деп аталады. Ол бойынша кез келген адамның, дүниеден өткен адамның да бейнесін мұрагерінің рұқсатынсыз бере алмайсың. Қазір блогерлер кез келген адамды түсіреді, сөйлетеді. Мектептің директорына, аурухананың бас дәрігеріне келіп телефонын қосып қойып, «мен қоғам белсендісі боламшемін» дейді де, оның бейнесін рұқсатсыз жариялайды. Бұған тоқтам салынғанын көбісі білмейді. Болмаса 145-бапқа өзгеріс енгізіп, әлемдік тәжірибе бойынша танымал тұлғалардан «сіздің бейнеңізді әлеуметтік желіге салам» деп рұқсат сұрау міндетті емес деп жазып қою керек.

Мен «Айғақты журналистика», «Журналистік зерттеуден» 3-4 курстарға сабақ берем. Қылмыстық кодекстің 158-бабы «Журналистің заңды кәсіби қызметіне кедергі жасау», 159-бабы «Ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу» туралы. Журналист құқық, экономика ғана емес, социологияны да білу керек.

– Қазақ журналистикасының ішкі цензурасын қалай азайтуға болады?

– Бұл өте күрделі сұрақ негізі. 1993–2001 жылдары еліміздің Ақпарат министрі болған Алтынбек Сәрсенбаев ағамыз «Жас Алашқа» берген бір сұхбатында: «Мен Қазақстандағы соңғы Ақпарат министрі болып қалсам деп армандаймын» деген еді. Шынында да әлемнің көптеген елдерінде Ақпарат министрлігі деген жоқ. Өйткені Ақпарат министрлігінің болуының өзі – цензураның белгісі.

Цензура дегенде бізде мынандай бір мәселе бар. 2024 жылы қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстер ауысты. Үлкен дау болып жүрген «Көрінеу жалған ақпарат тарату» туралы Қылмыстық кодекстің 274-бабымен біздің көптеген әріптестерімізді қызметтен шеттетіп, цензураны күшейтіп жатыр. Бізде сыңға төзушілік иммунитетін қалыптастыру керек. Өкінішке қарай, осы жоқ. Бізде «жала жабудың» категориясы анықталмаған. Кез келген мәселені осы бапқа әкеле береді. Кешегі «Орданың» тілшісі Гүлнара Баженованың, оның алдындағы Мирболат Мырзатайұлының ісі де өте нәзік мәселелер. Сондықтан бізге құқықтық реформа керек.

2024 жылы «Масс-медиа тура-

лы» заң қабылданды ғой. Егер сіз істі болсаңыз, ешкім «Масс-медиа туралы» заңмен соттамайды. Қылмыстық, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы, Азаматтық кодекстермен жауапкершілікке тартуы мүмкін. Сондықтан болашақта біз де АҚШ, Ұлыбритания елдеріндегідей жүйеге келуіміз керек.

– 2020 жылы «жала жабу» туралы бапты Қылмыстық кодекстен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске ауыстырған кезде енді жағдай түзеледі деп үміт-

Бекжан ӘШІРБАЕВ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Ақпарат саласының хздігі:

«ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІ БОЛМАСА, ҚОҒАМДА АРАЗДЫҚ ТУЫНДАЙДЫ»

тендік қой. Алайда бәрі керісінше болуы неліктен?

– Қазір Қылмыстық кодексте кеңінен қолданылып жатқан «әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздыру» бойынша 174-бап пен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстегі «Жалған ақпаратты, құқыққа қайшы контентті орналастыру тарату» 456-2-бап. Біз 2023 жылы «Онлайн платформалар мен онлайн-жарнама туралы» заң қабылдадық. Осы жерде де блогерлер мен азаматтық журналистикамен айналысып жүрген адамдардың тынысын біршама тарылтып тастағандай болдық. Жоғары оқу орындарындағы заң факультеттерінде қаншама ғылыми диссертациялар қорғалып жатыр. Олар осы тақырыпты көтеріп, межесіне жеткізу керек.

– Жаңа медианың келуі дәстүрлі мерзімді басылымдардың таралымын төмендетті. Біреулер «бұл үрдіс дәстүрлі баспасөзді жояды» деп жүр. Бұл қаншалықты негізді?

– Жаңа медианың келуі қанша дегенмен биліктің баспасөзге, ақпарат құралына деген монополиясын жойды. Қазақстанда сөз бостандығы қалай дегенмен белгілі дәрежеде өсті. Барлық адам әлеуметтік мәртебесіне, жасына, жынысына қарамай желіде өз пікірін білдіре алады.

Жаңа медианың келуімен Жапонияда да бұрынғымен салыстырғанда қағаз газеттердің таралымы түскен екен. Мысалы «Yomiuri Shimbun» («Ёмиури га-

Бізде «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заң бар. Сол сияқты прокуратураға, әскерилерге және тағы басқаларға қатысты түрлі заңдар бар. Сонымен олардың әлеуметтік жағдайы дұрыс. Мәселен, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» заңның кепілдігімен кез келген судья зейнетке ойланбай шыға береді. Өйткені зейнетке шыққан соң жалақасының 70 пайызы сақталады. Әрине, олардың жүктемесі өте қиын. 1 айда 40-50 іс қарап, қаншама адамның тағдырын шешеді. Бұл нәрсе оларға психологиялық соққы да болуы мүмкін ғой. Сондықтан Нұртөре ағамыздың айтқаны орынды. Журналистердің де мәртебесін заңда көрсету керек. Оны «Масс-медиа туралы» заңның ішіне кіргізсе де болады. Бірақ ол орындалу керек. Баяғыда Шерхан Мұртаза ағамыз Парламент қабырғасында: «Не деген масқара. Бізде бір заң орындалу үшін сол заң орындалсын деген заң шығу керек», – деп еді. Осы жағдай әлі жалғасып келе жатыр.

зеті») күнделікті басылымы 5 миллион 850 мың тиражбен шығады. Қағаз газеттің қоғамда болуы сөз бостандығының кепілі сияқты. Дұрыс ылғалда сақталса, газет 200-250 жыл сақталады екен. Әлеуметтік желінің интерфейсі, бағдарламасы әр 5 жылда өзгеруі мүмкін. Демократиялық қоғамда қағаз газеттер сөз бостандығының кепілі. Бізде де Президенттің өзі жылда бір газетке сұхбат беруі жайдан-жай емес. Өйткені Мемлекет басшысы әлемдік тенденцияны жақсы біледі.

Осы арада мерзімді басылымдарды қолдаудың бір мысалын айтайын. Францияда 2018 жылы пилоттық жоба болған. Олар 18-24 жастағы француз жастарына ресми газеттерді тегін жаздырып берген. «Әрбір азамат қоғамдық-саяси жағдайлардан құлағдар болу керек» деген саясаттың негізінде. Қазақстанда да билік халықтың құқықтық сауатын көтерем десе оншақты салалық басылымға жазылым ұйымдастырса болады ғой.

– Қазір әлемде бірқатар мем-

лекет арасындағы соғыс майданда ғана емес, ақпарат алаңында да жүріп жатыр. Онда жақсы мен жаманды ажырату қиын боп кетті. Бұл жағдай қанша уақытқа созылуы мүмкін?

– Біз қазір жаңа медианың дәуіріндеміз. Азаматтық журналистикаға келдік. Американың коммуникациясын зерттеген Джой Розен деген профессор «Азаматтық журналистика деген біз бұрын аудитория санаған адамдар» дейді.



берсек, жағымды имиджіміз төмендеп, қарыз алудағы мөлшерлемеміз жоғары болады.

– Сенатор Нұртөре Жүсіп біршама уақыт бұрын «Журналистер мәртебесі туралы» заң шығару керек деп ұсыныс жасағанмен, ол аяқсыз қалды. Бұл неліктен?

– Бізде «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заң бар. Сол сияқты прокуратураға, әскерилерге және тағы басқаларға қатысты

ша болу керек?» деген нәрсе заңда жоқ. «Заң газетінде» редактор боп тұран кезде облыстық сот төрағалары жиі хабарласатын. «Мына мақаламды газетіңізге жариялап беріңізші» деп. Бірде Жоғарғы Соттың аппаратын басқарған Ирак Елекеевтен «сот төрағалары неге осы «Заң газетіне» шығуға ынталы?» деп сұрадым. Ол кісі «халықтың құқықтық мәдениетін көтеру үшін судьялар республикалық газет-журналдарға ғылыми-танымдық мақала жазса, сыйақы берілсін» деген

Жоғарғы Сот төрағасының қаулысы барын айтты. Бізде пітір-садақаның да ставкасы бар ғой. Мұфтиат оны арнайы патуасымен бекітіп отырады. Сол сияқты қаламақының да бағасы болу тиіс. Конституция, білім күніне байланысты түрлі кездесулерге барам. Сол жерлерге аудан әкімдерінің орынбасарлары келеді. Олар баспасөз қызметінің спичайтерлері жазып берген 1 беттік қағазды әрең оқып береді. Соған үйреніп алған. Өзі ештеңе айтпайды. Мен бір-екеуіне «Конституция күнінде өздеріңіздің іштен шыққан дүниені неге айтпайсыздар?» дедім. Сондықтан қағаздан оқуға тыйым салу керек. Сол кезде олар да түзеледі.

– БАҚ-тағы редактордың рөлі мен жауапкершілігі қандай?

– 2010 жылы «Дарын» жастар сыйлығын беріп жатқанда Әкім Тарази ағамыз: «Қазір шығармашыл тұлғаларды бухгалтерлер билейтін заман болды ғой», – деген еді. Шынында да қазір газет редакторларына шағын мақала ұсынсам, барлығы «мынаны баса алмаймын, менің үстімде дирекцияның адамдары бар» деп айтады. Бұл мәселе жойылмай, бізде абсолютті сөз бостандығы болмайды. Бас редактор қазір барлық мекемеде 3-4-ші орында тұр.

«Масс-медиа туралы» заңда редактор бірінші орында көрсетілгенімен, шынайы өмірде бәрі басқаша. Бүкіл әлемде құрылтайшы мен редактордың өкілеттігі заңмен реттелген. Сондықтан біз де ең бірінші заңды реттеуіміз керек.

– Журналистер одағы журналистердің құқығын қорғап отырма?

– Шығармашылық одақтардың ешқайсысында ондай құзырет жоқ. Қоғамдық ұйымдардың мәртебесі бірдей. Шығармашылық одақтар идеологияға жауап беретін өкілетті мекемелермен серіктес болғанда ғана олардың сөзі далаға кетпейді. Сондықтан олардың статусын заңмен қайта анықтау қажет. Президент Аппаратында істеп жүрген кезінде Әлібек Асқаров ағамыздан «Қазақ әдебиеті» газетіне сұхбат алдым. Ол кезде «Қазақ әдебиетінде» жалақы 35 мың теңге еді. «Қаламгерлер қаламақысының әр баспа табағына 150 мың теңге төленетін болды» деп сүйіншілеп бердік. Қазір жағдай шамалы дұрысталды демесен, айтылған сөз айтылған жерінде қалды.

– Ұзақ жылдар бойы қоғамдық телеарна ашу мәселесі айтылып, жазылып жүрді де, соңғы кезде бұл әңгіменің аяғы сұйылып кетті. Бізге қоғамдық телеарна керек емес пе?

– Қоғамдық телеарна ешкімге тәуелді болмауы керек. Оны қаржыландыру үшін, меніңше, Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру сияқты жалақының белгілі бір бөлігін әр азамат өз еркімен қоғамдық телеарна жұмысына жинаса, ол өзін-өзі толық қаржыландырады еді. Өйткені оның басшысын министр тағайындамайды. Алайда ол бізде жақын арада құрылатынына өз басым сенбеймін. Жалпы, журналистика мықты болу үшін 101, 102, 103 қызметтері деген сияқты БАҚ-та да осындай техникалық мүмкіндік болуы шарт. Олардың кез келген уақытта оқиға орнына жедел жетіп, сол жерден тікелей ақпарат тарату мүмкіндігі туса, сол кезде журналистика шынайы болады.

– Әңгімеңіз үшін рақмет! Кәсіби мерекеңіз құтты болсын!

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

СУДЬЯЛАР ОДАҒЫНА – 30 ЖЫЛ

1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны» қабылдады. Тарихи құжатта ел шекарасының бөлінбейтіндігі, оған қол сұғылмайтындығы, қазақ халқының және Қазақстандағы басқа да этнос өкілдерінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту мемлекеттің аса маңызды міндетінің бірі ретінде белгіленді. Соның нәтижесінде Қазақстан халықаралық қауымдастық арасында лайықты орнын алды, әлем мойындаған өлге айналды.



Оралбек БАҚТЫГЕРЕЕВ,
отставкадағы судья

АРДАГЕРЛЕРГЕ ДЕГЕН
ҚАМҚОРЛЫҚ
АЗАЙМАЙДЫ



Қазақстан өзін құқықтық мемлекет ретінде қалыптастыруда және қоғамдық қатынастар заңмен реттелуде. Экономикамен қатар сот-құқықтық реформалардың да сәтті жүргізілуінің нәтижесінде еліміздің сот жүйесі қарыштап дамыды, сот сатыларының бестен үшке дейін қысқартылуы сотқа қолжетімділікті арттырды. Судья лауазымына бұрынғыдай 25 жасқа емес, 30 жасқа толған адамдар тағайындалатын болды, оларға қойылатын талап күшейтіліп, судьялыққа кездейсоқ адамдардың өтіп кетуіне жол бермеу жағы қарастырылды.

Жоғарғы Сот тарапынан сот жүйесін реформалауға қатысты жұмыстар жүргізу қазіргі кезде тиянақтылықпен, жүйелі түрде, сапалы жүзеге асырылуда. Сот жұмысының ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында сот процестерін әлеуметтік желіде тікелей эфир арқылы өткізу жұмысы жолға қойылды.

Тәуелсіздік жылдары еліміздің сот жүйесіне қатысты заңдар түбегейлі жаңадан қабылданды. 1996 жылдың 19 желтоқсанында Алматы қаласында судьялардың I съезі өз жұмысын бастады. Ел тарихындағы судьялардың алғашқы съезінде Судьялар одағының Жарғысы бекітілді, одақтың басшылық құрамы сайланды және Судья этикасы кодексі қабылданды.

Міне, содан бергі 30 жыл ішінде еліміздің Судьялар одағы өз жұмысын белсенділікпен атқаруда.

Қазақстан Республикасының Судьялар одағы Қазақстан Республикасының азаматтары құрған, «Қазақстан Республикасының Судьялар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің ортақ мүдделерін іске асыру және қорғау мақсатында жұмыс істейтін, республикалық мәртебесі бар қоғамдық

бірлестік нысанындағы коммерциялық емес ұйым. Одақ сот төрелігін атқаруға ықпал етуге, сондай-ақ саяси мақсаттарды көздеуге тиіс емес.

Судьялар одағы өз құзыреті шегінде халықаралық ұйымдармен белсенді жұмыс жүргізуде.

Еліміздің Судьялар одағы 2011 жылғы 8 қыркүйекте Халықаралық Судьялар қауымдастығының 54-ші отырысында толық құқықты мүшелік мәртебесіне ие болды.

Судьялар одағы өз қызметін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүзеге асырады. Судьялар одағының негізгі міндеттері – сот төрелігін жүзеге асыруға, заң үстемдігін және құқық қорғау жүйесін нығайтуға жәрдемдесу. Сонымен қатар, Судьялар одағы судьялардың және құрметті отставкадағы судьялардың мәртебесін көтеру, олардың әлеуметтік және кәсіби құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыстарды атқарады.

Судьялар әдеби кодексінің сақталуын қадағалау және заңгерлердің кәсіби тәжірибесін арттыру да Судьялар одағы қызметінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады.

Қазақстан судьялары, сондай-ақ құрметті отставкадағы судьялар, зейнеткерлікке шыққан судьялар Одақтың мүшелері бола алады. Басқа жұмысқа сайланған судьялардың Судьялар одағының мүшесі болу құқығы сақталады.

Судьялар съезі Одақтың жоғарғы басқару органы. Ол төрт жылда бір рет шақырылады. Кезектен тыс съезд Орталық кеңестің немесе одақ мүшелерінің үштен бірінің бастамасымен немесе үш филиал кеңесінің келісілген талабы бойынша шақырылады.

Судьялар одағы тарапынан судьялар мен Құрметті отстав-

қадағы судьялардың беделін көтеруге, олардың әлеуметтік жағдайларын жақсартуға бағытталған жұмыстар үнемі тыңғылықты атқарылуда.

Сот жүйесінің ардагерлерін ұлықтау жұмысы да Судьялар одағының назарынан тыс қалған емес. Сондай жұмыстардың бірқатарына мысал ретінде тоқталсақ, Судьялар одағының бастамасымен бұрынғы Қазақ КСР Жоғарғы Сотының төрағасы болған, соғыс ардагері Ә.Биекеновтің, Ақтөбе облыстық сотының бұрынғы төрағасы және сенатор болған И.Өміровтің аттарына Ақтөбе қаласынан көше атауларының берілуін ерекше ризашылықпен атап өткен жөн.

Бұл жағдайларды мемлекет тарапынан сот жүйесіне және судьяларға жасалған қамқорлық деп түсінеміз.

Қазіргі уақытта Судьялар одағы тарапынан соғыс және сот жүйесінің ардагері, бұрын Қарғалы аудандық сотында 17 жыл судьялық қызмет атқарған марқұм Т.Қайсаровтың атына Қарғалы ауданының орталығы Батамша ауылынан көше атауын беру мәселесі қозғалуда. Судьялар одағының мерейлі кезеңі қарсаңында осы мәселе де онынан шешіледі деген зор үмітіміз бар.

Еліміздегі саяси реформалардың сәтті жүргізіліп келе жатқанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Бүкілхалықтық референдумда жаңа Конституциямызды қабылдадық. Жаңа Ата Заңымыз 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап заңды күшіне енеді.

Судьялар одағының 30 жылдық мерейлі кезеңінің жаңа Конституциямыздың қолданысқа енгізілетін уақытымен тұспа-тұс келуін мемлекетіміздің тарихындағы сәттіліктің, үйлесімділіктің және жарқын болашақтың бірегей белгісі деп бағалаймыз.

ПІКІР

ӘДІЛЕТТІҢ ТАРАЗЫСЫ
ТЕҢ ТАРТСЫН!

Қазақстандық сот жүйесі уақытпен бірге түлеп, дамып, кемелденіп келеді. Бейбітшілік пен әділетті, азаматтардың құқығын алға шығаратын ел әрқашан сотқа иек артады. ҚР Жоғарғы Соты – заң мен тәртіптің қозғаушы күші, берік негізі.

Тәуелсіздік алғалы бері ел соттары білім-біліктілігін арттырып, көкжиегін кеңейтті. Төрелік ететін сот жүйесі әділетті таразының маңызын сезіндірді. Халықаралық стандарттарға сүйеніп, Ата Заңды алға шығара отырып тың сатылардан өткен тәуелсіз ел сотының тарихын жаңаша қалыптастыру ҚР Жоғарғы Сотының мойнындағы мәртебелі іс болатын. Бүгінде ол үміт өзін толық ақтады. Қазақстандағы сот жүйесі барлық заңдылықтардың қайнар бұлағы болды.

Қазіргі таңда кез келген азаматтың құқықтық сауаты артқан. Судья беделі таза білім мен білікті қызметтен көрінеді. Осы тұрғыда судьяға жүктелетін міндет те ауыр. Тәжірибеге енген мамандандырылған соттар, әкімшілік әділет, ювеналды, экономикалық, Конституциялық, т.б соттар қарапайым көптің көңіліне сенім ұялатып, әділдік іздегендердің үмітін үрледі. Түбегейлі реформалардан өтіп бүгінде көпшіліктің сеніміне ие болған жүйе ашықтық пен қолжетімділікті бірінші кезекке шығарды. Кез келген реформаның міндеті сот пен халықтың арасында алтын көпірге айналу десек, тиімді әрі сапалы, сауатты қызмет азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының барлық жағдайда мемлекетпен қорғалатынын дәлелдеуде. Судья сот төрелігін іске асыру барысында барлық кезеңде тәуелсіз, ол Конституция мен заңға ғана бағынады. Ал заң алдында жұрттың бәрі тең. Ендеше, сот практикасы істі бұра тарту зайырлы қоғамда мүмкін еместігін толық көрсетіп берді.

Қазақстанның дамуында сот жүйесі әділ төрелік пен азаматтардың құқығын қорғау міндетін бірінші сатыға шығарды. Тәуелсіздікпен сот корпусы да қатар дамып, түрленіп, оңтайландырылды. Сот саласындағы реформалар – құқықтық жүйенің тұрақты дамуын және оның қолжетімділігін, судьялардың тәуелсіздігі мен ашықтығын қамтамасыз етті, әділ төрелік үстемдігін нығайтты. Қазақстан дамуында сот жүйесі де қатар дамыды. Бұзылған құқықтарды әділетті саралап, ескі жүйедегі қағазбастылықтан арылып келеді.

Кассациялық сатылар да түбегейлі жаңа нұскалы модель ұсынды. Қазіргі таңда қазақстандық сот жүйесі судьялар корпусының біліктілігіне басымдық беруде.



Осылайша, сот әкімшілігі институционалды түрде мемлекеттік басқарудың дербес саласына айналды. Бірінші кезекте судья болып табылатын сот төрағалары оларға тән емес әкімшілік жұмыстан босатылды, бұл оларға сот төрелігін жүзеге асыруға шоғырлануға мүмкіндік берді. Барлық сатыдағы соттардың заңды және жеке тұлғалармен өзара іс-қимылы енді нақты сот істерін қарау шеңберінде тек процессуалдық тәртіпте жүзеге асырылады. Шетелдік сарапшылардың бағалауы бойынша сот әкімшілігінің қазақстандық моделі осы саладағы жаңа жоғары стандарттарды айқындап, тәуелсіз сот жүйесін дамытудың жаңа кезеңін ашты. Практикада IT-технологияларды қолдану жоғары бағалануда. Технологияның кейінгі жетістіктері сот ісін жүргізуге инновациялық технологияларды енгізуінде. Бұл да өз кезегінде цифрлық сот ісін жеңілдетеді.

Аида АТАШЕВА,
Маңғыстау облысы
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК
ЕРЕКШЕ МАҢЫЗДАҒЫ ИЕ

Қазіргі қоғамда «ақпарат» ең құнды ресурстардың біріне айналды. Мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындар және жеке тұлғалар күн сайын үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істейді. Сондықтан ақпаратты қорғау мәселесі ерекше маңызға ие.



Маржан МАДИЯРОВА,
ҚР Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі бөлімнің бас маманы

Ақпараттық қауіпсіздік ұғымы дегеніміз – ақпараттың заңсыз қол жеткізуден, өзгертілуден, жойылудан немесе жария етілуден қорғалуы. Оның негізгі мақсаты – ақпараттық ресурстардың сенімді жұмысын қамтамасыз ету және киберқауіптердің алдын алу.

Ақпараттық қауіпсіз – инфрақұрылымның негізгі сервистер үштігі, яғни, ақпараттың құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені.

Ақпараттық қауіпсіздіктің үш қағидасы бойынша:

- құпиялылық (Confidentiality) – ақпаратқа тек рұқсат етілген тұлғалардың ғана қол жеткізуі.
- тұтастық (Integrity) – ақпараттың дәлдігі мен өзгеріссіз сақталуы,
- қолжетімділік (Availability) – қажетті ақпараттың уақытылы қолжетімді болуы.

Бүгінгі таңда ақпараттық жүйелерге төнетін қауіптердің саны артып келеді. Олардың ішінде: компьютерлік вирустар, фишингтік шабуылдар, хакерлік әрекеттер, деректердің ұрлануы, әлеуметтік инженерия әдістері, бағдарламалық қамтамасыз етудегі осалдықтар. Бұл қауіптер ұйымдарға қаржылық шығын келтіріп қана қоймай, олардың беделіне де нұқсан келтіруі мүмкін.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдарына келетін болсақ, ақпаратты қорғаудың бірнеше тиімді әдістері бар: күрделі құпия-сөздерді пайдалану; екі факторлы аутентификацияны енгізу; антивирустық бағдарламаларды қолдану; бағдарламаларды үнемі жаңартып отыру; қызметкерлердің киберсауаттылығын арттыру; деректердің резервтік көшірмелерін жасау.

Сонымен қатар, ұйымдар қауіпсіздік саясатын әзірлеп, ақпараттық жүйелерге тұрақты мониторинг жүргізуі қажет.

Ақпараттық қауіпсіздік – қазіргі заманның маңызды талаптарының бірі. Ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты киберқауіптердің де күрделене түсуі ақпаратты қорғауға ерекше назар аударуды қажет етеді. Жеке тұлғалар мен ұйымдар қауіпсіздік ережелерін сақтап, заманауи қорғаныс құралдарын қолдану арқылы ақпараттық ресурстарын сенімді қорғай алады.



ҚҰЛАҚАҒЫС

ДЕТЕКТИВ ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

«ЗАң» Медиа-корпорациясы биыл тоғызыншы рет детектив шығармалар байқауын жариялап отыр.

Биылғы байқаудың талаптары:

Техникалық талап: Мәтін Microsoft Word редакторында терілуі тиіс, карпі – Times New Roman, кегль – 14, жоларалық интервал – 1, бас-аяғы 1-5 беттен аспағаны абзал.

Сондай-ақ байқауға қатысушылар көмегімен қазақ детективінде бірегей ізкесушінің бейнесін қалыптастыруды мақсат етіп келе жатқанымызға биыл үшінші жыл.

Еске сала кетсек, ағылшын жазушысы Артур Конан Дойлдың қаламынан туған Шерлок Холмс – әдеби персонаж. Жазушы қиялының жемісі саналатын осы ізкесушіні әлем халқы таниды, жақсы көреді. Содан болар, Шерлок Холмсқа деген құрмет жоғары. 1990 жылы Лондоннан ашылған музей-үйі – сөзіміздің нақты дәлелі.

Бүгінде бұл музейге келушілерде есеп жоқ. Қы-сы-жазы кезек арылмайтын музейде жазушы шығармасындағы персонаждармен қауышып, әр оқиғаның ішінде жүргендей хал кешесіз. Артур Конан Дойлдың кереметтігі осында. Ол ағылшын детективін дамытуға сүбелі үлес қосып қана қоймай, Шерлок

Холмс бейнесі арқылы ағылшын ізкесушілерінің мықтылығын, даралығын дәлелдеді. Сөз құдіретінің аркасында қиялдан туған кейіпкерінің көмегімен елінің танымал болуына ықпал етіп отыр. Ендеше, қазақтың өз ізкесушісінің образын қалыптастыруға не кедергі? Мұндай айтулы тұлғаны қаламның күші, қиялдың ұшқырлығымен жасайтын – Сіз бен біз!

Құрметті байқауқауға қатысушылар!

Ішкі істер министрлігінің білікті мамандарымен ақылдаса отырып, сіздерге ұсынғалы отырған бірегей ізкесушінің бейнесі төмендегідей:

Тергеушінің /жедел уәкілдің/ сипаттамасы:
Қайсенов Абылай Әзімханұлы.

* Жасы: 35-50 аралығында;

* Қалалық ІІБ Тергеу бөлімінің басшысы, шені – полковник.

* Жоғары білімді, арнайы оқу орнын аяқтаған /бірге оқыған достарымен әрдайым хабарласып тұрады/.

* Орта денелі, бойы 170-180 см, салмағы 83 кг.

* Жас кезінде спортпен кәсіби түрде шұғылданған /күрес түрлерінен спорт шеберіне үміткер; осының арқа-

20. «КБКА» ЖШС (БСН 010540000336) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Қарасай батыр көшесі, 62-үй. Тел. 8-777-444-22-10.

21. «МІУА» ЖШС (БСН 220340026346) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Аккент шағынауданы, 69-үй, 50-пәтер, тел. +7 702 703 5055.

22. «Қазалы халқына» ҚҚ (БСН 231140016584) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Мұстафа Шоқай көшесі, 174-үй. Тел. 8 702 545 84 51.

ӘРТҮРЛІ

БЕКІТІЛДІ	
«БАУТАQ» жасылдар партиясы Саяси кеңесі Бюросының 2026 жылғы 14 мамырдағы № 2 қаулысымен	
«БАУТАQ» Қазақстан жасылдар партиясы» қоғамдық бірлестігінің 2024 жылғы кірістері мен шығыстары туралы есебіне	
«Байтақ» Қазақстан жасылдар партиясы» қоғамдық бірлестігі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және Партия Жарғысына сәйкес жүзеге асырады. Партия Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2022 жылғы қараша айында тіркелген және мемлекеттік тіркелген сәттен бастап өзінің жарғылық қызметін жүзеге асырып келеді. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша партия мүшелерінің саны 79 944 адамды құрады. Партияның Орталық аппаратының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі, 8. Партияның кірістері мен шығыстары туралы есеп кассалық әдіс бойынша ұлттық валюта – теңгемен жасалды. Өлшем бірлігі – мың теңге. Есепке партияның Орталық аппараты мен бастауыш партия ұйымдарының негізінде құрылған 20 аумақтық филиалының қызмет көрсеткіштері енгізілді. 2024 жылғы кірістер мен шығыстар туралы есеп «Байтақ» Қазақстан жасылдар партиясы Саяси кеңесі Бюросының 2026 жылғы 14 мамырдағы №2 қаулысымен бекітілді.	
<i>(мың теңге)</i>	
Көрсеткіштің атауы	2024 жыл
I. КІРІСТЕР:	
Саяси партияларды республикалық бюджеттен қаржыландыру	0,00
Партиялық жарналар	40.371,34
Демеушілік және қайырымдылық көмек	60.557,00
Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар (депозиттер) бойынша сыйақылар	0,00
Коммерциялық емес қызметтен барлығы	100.928,34
II. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН	
Жалға беруден түскен кірістер	0,00
Өзге кірістер (біржолғы)	0,00
Коммерциялық қызметтен барлығы	0,00
Барлық кірістер	100.928,34
ШЫҒЫСТАР:	
Еңбекакы төлеуге және әлеуметтік төлемдерге жұмсалған шығыстар	32.224,73
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді ұстау және қызмет көрсету шығыстары	792,00
Іссапар шығыстары	6.980,89
Үй-жайларды жалға алу шығыстары	31.094,15
Байланыс және интернет қызметтері шығыстары	192,62
Сактандыру және консультациялық қызметтерге жұмсалған шығыстар	11.143,40
Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	3.562,99
Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу шығыстары	5.036,70
Ақпараттық сүйемселуде шығыстары	494,36
Партиялық атрибутика шығыстары	5 604,09
Өзге шығыстар	3 802,41
Барлық шығыстар	100 928,34

5. Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Оқжетпес» футбол клубы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (БСН 020440001917) жарғылық капиталының азайтылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 116Б.

сында елде ғана емес, шет мемлекеттерде де спортшы таныстары көп. Спортпен әлі күнге тұрақты айналысып тұрады. ІІМ қызметкерлері арасында өткізілетін турнирлердің жеңімпазы;/

* Отбасылы: 2 ұл, 1 қызы бар. /Жұбайы – Айша, мамандығы – дәрігер. Үлкен ұлы Мұдғат ІТ саласында қызмет етеді, жеке кәсіпкер. Екінші ұлы Қасым – ЖОО студент. Қызы Еркеназ – орта мектептің 9-сынып оқушысы.

* Ата-анасы Астана қаласында тұрады, екеуі де зейнеткер /олармен, туыстарымен, достарымен байланысты үзбейді;/

* Жұмыста қатал, бір істі қолға алса, нәтиже шығармай тынбайды; мәселені қазбалап, бүге-шігесіне дейін зерттеп, мән-жайды анықтауды әдет қылған.

* Үлдеге берік, тік мінезді, алайда әр істі ақылға салып, аналитика жасап шешім қабылдауды жөн санайды;

* Жауапкершілігі жоғары, кәсіби шебер маман ретінде кейде басқа өңірлерге іссапарға шығып тұрады /жедел тергеу тобы құрамында күрделі істерді тергеу үшін/;

* Адамдармен қарым-қатынаста сыпайы, ортада өзін ұстай біледі, үлкен-кіші демей барлығына құрметпен қарайды. Қиналған адамға көмектесуге, қол ұшын созуға дайын тұрады.

* Атты қаруын жақсы меңгерген.

* Бос уақытында балық аулағанды жақсы көреді /қармақпен/. Отбасымен табиғат асына шығып демалғанды ұнатады;

* Салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты мықты ұстанады, жөн-жосықты жақсы біледі;

* Криминалистика бойынша үнемі оқып, ізденеді.

* Адал, жемқорлыққа жаны қас.

Бұл – біз ұсынып отырған кейіпкердің жалпы сипаттамасы. Ал, бас кейіпкердің қасиетін әрі қарай даралау, қандай қылмысты аштырып, қандай жұмбақты шештіру, ең бастысы, ізкесушіден жағымды бейне қалыптастыру – сіздің қиялыңыз бен шеберлігіңізге байланысты. Еркіндікке шек қойылмайды.

Байқаудың үздік шығармалары жинақталып кітап болып шығады. Осыған орай авторлардан өзі туралы толық мәліметті берумен бірге, шығармасын жинаққа қосу туралы рұқсатты жазбаша рәсімдеп жолдау талап етіледі.

Оның мәтіні төмендегідей:

ҚОЛХАТ

Мен

«ЗАң» Медиа-корпорациясы» ЖШС бастамасымен өтетін детектив байқауына қатыса отырып, конкурсқа жолдаған атты шығармamnң авторлық құқын «Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС-не беремін. Ұйымдастырушылар шығармamdы баспасөз бетінде, интернет сайттар мен әлеуметтік желіде менің рұқсатымсыз жариялап, жинаққа енгізе алады және басқа да мақсаттарға пайдалануға құқылы. Болашақта менің тарапымнан ешқандай талап, шағым, наразылық болмайды.

Аты-жөні, қолы, датасы

Қосымша сұрақтарыңыз бен шығармаңызды zangazet@mail.ru электрондық поштасына «Байқауға!» деген белгімен жолдай аласыз!

Байланыс телефоны: 87011220940

8. Түркістан облысы Келес аудандық сотында 1952 жылғы 19 мамырда туған Байдиылдаев Дүйсенбек Қонайғаулын қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қаралуда. Арыз беруші: Байділда Ақбөне Дүйсенбекқызы, мекенжайы: Түркістан облысы, Келес ауданы, Көкбұлақ ауылы, Ақжол көшесі, №69-үй. Байдиылдаев Дүйсенбек Қонайғаулының жүрген жері, тұрғылықты мекенжайы немесе тірі-өлгені туралы қандай да бір мәліметі бар азаматтардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай ауылы, Қонаев көшесі, №38 мекенжайында орналасқан Келес аудандық сотына немесе арыз беруші Байділда Ақбөне Дүйсенбекқызына хабарлауды сұраймыз. Байланыс телефоны (арыз беруші): 8 (705) 698-14-39.

9. «Германид» ЖШС (БСН 160140023658) Серіктестіктің жарғылық капиталын азайту туралы Қатысушылардың жалпы жиналысында 2026 жылғы 22 маусымдағы қабылданған № G26/1/2 шешімі туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде ҚР, Қарағанды облылысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Сәкен Сейфуллин даңғылы, 107/3-ғимарат мекенжайы бойынша қабылданады.

13. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының №2 сотының өндірісінде Петропавл қаласы, Мир 1-ші өткелі, 23-1 мекенжайында тұратын Татарникова Людмила Викторовнаның 1967 жылғы 1 қарашада туған, Солтүстік Қазақстан облысының тумасы, Татарников Сергей Вячеславовичті, қайтыс болды деп жариялау туралы арызы бойынша азаматтық іс қаралуда. Татарников Сергей Вячеславовичтің жүрген жері туралы қандай да бір мәліметі бар тұлғалардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының №2 сотына мына мекенжай бойынша хабарлауы сұралады: Петропавл қаласы, Брусиловский көшесі, 60. Тел. 8 (7152) 55-50-33.

23. 2026 жылғы 22 маусымда Петропавл қаласының №2 сотында Веремская Дарья Олеговнаның арызы бойынша 1959 жылғы 19 шілдеде туған азамат Золотов Олег Александровичті қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалды. 1959 жылғы 19 шілдеде туған азамат Золотов Олег Александрович туралы мәліметтері бар адамдарға осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде сотқа хабарлау ұсынылады. Соттың мекенжайы: Петропавл қаласы, Брусиловский көшесі, 60. Тел. 8 7152 46 51 01.

14. «Астана Innovations» АҚ табиғи монополия субъектісі бола отырып, 2026 жылғы 31 шілдеде Астана уақытымен сағат 16:00-де тарифтік сметаны орындау мәселелері бойынша алдағы есептік жиналыс туралы хабарлайды, тыңдау Zoom платформасы арқылы өткізіледі. Толық ақпарат алу үшін +7 (7172) 24-84-53 телефон нөмірі немесе bolat.k@ain.kz поштасы арқылы телефон нөміріңізді қалдырыңыз.

25. Хабарландыру мәтіні: Астана қ. «Жолаушылар тасымалы» АҚ, кәсіпорынның 2026 жылғы 1 жартыжылдығында кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін бәсекелестік кірме жол болмаған жағдайда маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметі туралы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есеп бойынша тыңдалым өткізілетіні туралы хабарлайды, 2026 жылғы 22 шілдеде сағат 10-00-де (жергілікті уақытпен) Ақтөбе қаласы, Станция, 11 «В» к-сі мекенжайы бойынша өтеді, әкімшілік ғимарат, каб. № 3. Тыңдалымға қатысуға тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар шақырылады. Қосымша ақпарат пен анықтамаларды телефон арқылы алуға болады: 8 (7132) 97-52-10.

МҰРАГЕРЛІК

2. 25.12.2025 ж. қайтыс болған Ұябаев Мұхтар Төлегенұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

4. 06.12.2025 жылы қайтыс болған Айтуғанова Рабига Амангелдіқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

24. 2026 жылдың 13 қаңтарында қайтыс болған Айтжанов Мамбет Кумаровичтың артынан Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Камзағалиева Роза Тлекбақыловнада мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін төмендегі мекенжайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, 41А үй, тұрғын емес бөлме 16, тел. 8(701) 222 7274.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

Е-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. /факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтүшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-кабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (7717) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривонова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашчи көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БӘСІ ЖОҒАРЫ АЛАҢДА КІМДЕРДІҢ БАҒЫ ЖАНАДЫ?

(**Соңы. Басы 1-бетте**)

Уақыт тек жаңа тәсілдер мен мүмкіндіктерді кеңейтті, ақпараттық кеңістік жасанды интеллекттің бұған дейін журналистикаға енбеген тың көкжиектерін ұсына бастады. Бұның бәрі ескі сұрлеудегі қалыптасқан бағытты қайта түлетіп жатыр. Көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан ақпараттық әлемде дәстүрлі медиа деген сөздің ескіргені сезілсе де, салмағы әлі де сараптамалық, сапалы контент іздейтін көпке көрек.

Қарап отырсаңыз, әркімнің әлеуметтік парағынан ақпарат жасап, жеңілдің астымен, ауырдың үстімен

күнелткен, адами факторды емес, айғай-шуды алдыға шығаратын сайттар мен паракшалардың да дәуірі көшіп барады. Осындай алмағайып кезеңде тұрған журналистикаға бүгін қандай міндет-мақсаттар жүктеліп отыр? Ескі мен жаңаның тартысында қай медиа-ның бәсі жоғары боп, бағы жанады?

Бұған дейін қоғам адамдарды қанайтын элитаға шағым айтса, ендігі кезең оларды тіпті қажетсінбейтін биліктің дәуіріне аяқ басқандай әсер қалдырады.

«Бұрын журналистің сөзі жерде қалмайтын, көтерген мәселесі әртүрлі деңгейдегі атқарушы органдардың талқысынан өтіп, сыны түзіліп, кемшілік

күзелетін». Аға буынның әкімшіл-әміршіл болса да, өз дәуірінің журналистикасына беретін сипаттамасы осындай. Бірақ, бағамдасаңыз, сол журналистика бүгін де, ертең де өзінің әуелгі осындай мүлде, мақсатынан, сипатынан айнымайды. Өйткені, сөздің мақсаты – ойды жеткізу. Ойдың мақсаты – ақиқатты айту, әділетті таразылау. Ендеше, қай дәуірдің журналистикасының болса да ұмтылатыны – тәуелсіз, бейтарап ақпарат. Тіпті, қылышынан қан тамған кезеңдердің де тарихына үңілсеңіз, жазушының, журналистің арманы келер ұрпаққа ақиқат ақпаратты аманаттау болғанын көресіз. Бұл жерде журналистикаға араласқан кез келген

жас тілшінің өз жазғанына ертеңгі тарихтай қарап, әр сөздің жауапкершілігі болатынын сезінгенін қалайсыз. Кәсіпке деген адалдық, мамандыққа деген махаббат болған жерде ғана кәсіби, таза, әділетті журналистика қалыптасады. Сонда ғана «журналистика – халықтың көзі, құлағы, һәм тілі» деп кеткен алаш ардақтыларының алдындағы парыз өтеледі.

Журналистиканың түр-сипаты өзгерді, бірақ мақсат-мұраты – әуелгі. Тарихтан тартқандағы себеп те, осы киелі де қастерлі мамандықты таңдаған әрбір жас ЖИ-ді менгеріп, тың, жедел ақпаратты таратумен қоса жаны сүйген кәсібін сатпай, жағымпаздыққа ұрынбай адал, қалтқысыз қызмет етсе деген арман.

Тәуелсіз адамды бәріміз жақсы көреміз. Ал тәуелсіздікке не өлшем?! «Лениннің өсиеті» деген сериалда мынадай бір диалог бар. Әйгілі диссидент Варлам Шаламов қасындағыларды бір тілім нан үшін сатып жіберген, олардың үстінен арыз жазып тамағын асырап жүрген камераласынан: «сен үшін тәуелсіз адам кім?» – деп сұрай-

ды. «Қарны тоқ адам тәуелсіз» – дейді ол. «Міне, қазір сенің қарның тоқ, бірақ тәуелсіз емессің ғой ?!» – дейді Варлам. Яғни, ішкі тәуелсіздігі жоқ, тайғақ адам ешқашан азат емес. Журналистиканың өзі азат, тәуелсіз деген сөздермен синонимдес ұғымдай қабылданған кезеңде ғана БАҚ өзін «халықтың құлағы, көзі һәм тілі» сезінеді.

Журналистика – ең алдымен мамандықтың алдындағы, өз ар-ұятыңның алдындағы жауапкершілік. Журналист – қоғамның қалтқысыз айнасы. Ондағы өміршен, ешқашан өлмейтін тақырыптар дертінің диагнозын тап басып, тамыршыдай дәл танығанда ғана елге етене болады. Бүгінгі ЖИ мүмкіндіктері адамзатқа ғана тән мұндай ішкі түйсік сезімдерді майдан қыл суырғандай ғып алдына тосатындай күйге әлі де жете қоймады. Жеткен күнде де журналистің өз жүрегінен өте отырып сарапталып, сыртқа лықситын күйдің ләззатын бере қоймайды, бұл кәсіп осынысымен құнды, осындай тоқпейіл көңіл сыйлайтын сәттерімен аяулы.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

САУАЛНАМА

Мәдениет және ақпарат министрлігінің деректеріне сәйкес, соңғы бес жылда журналистерді марапаттауға бөлінетін қаржы көлемі біртіндеп артқан. Егер 2021 және 2022 жылдары бұл мақсатқа 14,5 миллион теңге бөлінсе, 2023 жылы 34,3 миллион теңгеге жеткен. Ал 2025 жылы БАҚ өкілдерін марапаттауға 35,2 миллион теңге қарастырылған. Дегенмен, марапаттарға бөлінетін қаржының артуы олардың беделінің де автоматты түрде жоғарылағанын білдірмейді. Журналистердің пікірінше, сыйлықтардың салмағын арттыру үшін ең алдымен іріктеу процесінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ министрлік мәліметінше, Президент сыйлықтары мен гранттары журналистердің кәсіби өсуін ынталандыру, қоғамдық-саяси және мәдени тақырыптарды сапалы жариялаған мамандарды қолдау мақсатында беріледі. Үміткерлерді бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар және мемлекеттік органдар ұсына алады.

Осыған орай журналистер арасында сауалнама жүргізіп, марапаттардың беделін күшейту тәңірегінде пікір жинадық.

Журналистика саласындағы марапаттардың қазіргі беделіне қандай баға берер едіңіз? Олардың кәсіби орта мен қоғам арасындағы салмағы төңірегіндегі пікіріңіз? Марапаттар мәртебесін қалай көтереміз?

Гүлжан АБАЙҚЫЗЫ, тележурналист:

«Сан көбейген сайын салмақ жеңілдейді»

– Шынын айтсам, бүгінде журналистика саласындағы марапаттардың бұрынғыдай беделі бар деп айта алмаймын. Кез келген марапаттың құндылығы оның кімге және қандай еңбегі үшін берілгеніне байланысты. Егер марапат шын мәнінде өз саласының үздігіне табысталса, оның да салмағы артады. Ал марапаттау кезінде кәсібилік пен әділдік бірінші орынға шықпаса, қоғам тарапынан да, журналистер тарапынан да күмән туындайды. Сондықтан марапаттың беделі ең алдымен оның лайықты несін табуына байланысты деп ойлаймын.

Қазіргі таңда журналистік сыйлықтардың саны көбейіп кетті. Әр мекеме, әр ұйым өз атынан түрлі марапаттар тағайындап жатыр. Мұның өзі кей жағдайда сыйлықтың құнын төмендетіп жібереді. Меніңше, журналист үшін шын мәнінде кәсіби деңгейде мойындалатын беделді марапаттар көп болмауы керек. Мысалы, қазірдің өзінде журналистер арасында танылған «Тұмар» секілді сыйлықтар бар. Сондықтан марапат санына емес, сапасына көңіл бөлген дұрыс. Өйтпесе марапат көбейген сайын оның салмағы да азая береді.

Ең алдымен марапаттардың санын көбейтуден гөрі олардың мәртебесін көтеруге күш салу қажет. Журналист үшін кәсіби тұрғыдан мойындалатын беделді марапаттар аз болғаны дұрыс. Сонда әр марапаттың салмағы артады. Сонымен қатар марапатқа үміткерлерді іріктеу кезінде олардың қоғамдағы орнына, кәсіби деңгейіне, атқарған еңбе-

гіне ерекше мән берілуі керек. Марапат журналистің өмірбаянындағы жай ғана кезекті диплом емес, кәсіби жетістігінің көрсеткіші болуы тиіс.

Гүлжанат МАҚҰЛЖАНОВА, ҚР Ақпарат саласының үздігі, «Құрмет» орденінің иегері:

«Жастар жалын болса, үлкендер – маздап жанған шоқ»

– Марапат – еңбек өтемі. Сондықтан мұнда танымалдық емес, кәсібилік таразылануы тиіс. Марапат иелері жас буын үлгі алатын, кәсіби орта мойындайтын тұлғалар болғаны жөн. Ең бастысы – олардың еңбегі мемлекет дамуына, қоғамның өркендеуіне, адам капиталының өсуіне, халықтың әл-ауқатының артуына қандай үлес қосқаны ескерілуі қажет.

Осы тұста өңірлік журналистердің еңбегі тасада қалмаса екен деген тілек бар. Көп жағдайда марапаттар мен жүлделердің басым бөлігі республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне бұйырып жатады. Алайда аймақтарда да қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, халықтың мұң-мұқтажын жеткізіп жүрген білікті журналистер аз емес. Сондықтан марапаттау кезінде өңірлік журналистиканың әлеуеті мен еңбегі де лайықты бағалануы керек деп есептеймін. Журналистикада кадр мәселесінде таразы басын тең ұстаған абзал. Жастардың бойында жаңашылдық, шапшаңдық, батылдық бар. Олар салаға жаңа формат пен тың идеялар әкеледі. Ал аға буын – кәсіби мектептің негізі, сапа стандартының сақталуына кепіл болатын буын. Жастар – жалын болса, үлкендер – маздап жанған шоқ секілді. Бірі қарқын



береді, бірі бағыт береді. Сондықтан еңбекті бағалау кезінде екі буынға да тең мүмкіндік берілуі қажет.

Мемлекеттік марапаттарда адамның еңбек өтілі мен сіңірген еңбегі ескеріледі. Ал журналистік сыйлықтарға келгенде кәсіби ортада сенім де, күмән де қатар жүреді. Сондықтан қазылар алқасын жасақтау, материалдарды іріктеу және бағалау үдерісі заман талабына сай болуы керек. «Жабық кабинетте» шешім қабылдайтын кезең артта қалды. Бүгінде ашықтық пен жариялылық басты талапқа айналды. Осы тұрғыда халықаралық тәжірибедегі озық үлгілерді енгізу тиімді болар еді.

Карима ЖҰМАҒАЛИ, «ҚРПБ Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокөшесінің» тілшісі:

«Марапат беделі әділ берілуінде»

– Журналистік марапаттардың беделі ең алдымен олардың әділ әрі ашық берілуіне байланысты. Егер жеңімпаздарды анықтау процесі түсінікті болса және бағалау критерийлері алдын ала жарияланса, мұндай марапаттарға деген сенім артады. Бүгінде журналистер үшін марапаттың материалдық құнынан бұрын кәсіби ортадағы беделі маңызды. Сондықтан қазылар алқасының құрамына тәжірибелі журналистерді, медиа сарапшыларды және тәуелсіз мамандарды көбірек тарту қажет деп есептеймін. Сондай-ақ жеңімпаздардың жұмыстары қоғамға қандай пайда әкелгені де ескерілуі керек. Менің ойымша, ауыл-аймақтың тыныс-тіршілігі мен қарапайым халықтың

әлеуметтік мәселелерін көтеретін материалдар жеткілікті бағаланбайды. Көп жағдайда резонанс тудырған жаңалықтар мен саяси тақырыптар алдыңғы қатарға шығып кетеді. Ал өңірлердегі инфрақұрылым, білім, медицина мәселелерін қозғайтын материалдардың қоғам үшін маңызы кем емес.

Айсұлу СЫЕЗХАН, «Айқын» газетінің тілшісі:

«Зерттеу журналистикасына ерекше көңіл бөлу керек»

– Зерттеу журналистикасы әлі де болса лайықты бағасын алып жүрген жоқ. Бір материалды дайындауға апталар, тіпті айлар кетуі мүмкін. Құжаттармен жұмыс істеу, сарапшылардың пікірін жинау, деректерді тексеру үлкен еңбекті талап етеді. Осындай жұмыстарға арналған арнайы номинациялар көбінесе деймін.

Шыны керек, бізде кейде марапаттың өзі емес, оны кім алғаны көбірек талқыланады. Бұл марапатқа деген сенімнің толық қалыптаспағанын көрсетеді. Менің ойымша, мемлекет ең алдымен журналистік байқауларды өткізу мәдениетін өзгертуі керек. Жеңімпаздардың аты ғана емес, не үшін жеңгені де нақты көрсетілуі қажет. Қазір журналистика өте қатты өзгерді. Бұрын жаңалық беру жеткілікті болса, қазір аудитория сараптама күтеді, зерттеу күтеді. Бірақ марапаттарға қарасак, кейде күнделікті жаңалық пен бірнеше ай дайындалған зерттеу материалы бір деңгейде бағаланып жатады. Бұл дұрыс

Ердәулет ҚАЛИЕВ, Halyqline.kz сайтының тілшісі:

«Ең үлкен құрмет – қоғамның мойындауы»

– Экология, еңбек құқықтары, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың мәселелері және деректер журналистикасы жеткілікті деңгейде бағаланбай жүр деп ойлаймын. Бұл тақырыптар күнделікті қоғам өміріне тікелей әсер етеді. Бірақ олардың маңыздылығы кейде ақпараттық күн тәртібінде екінші орынға түсіп қалады. АҚШ-тағы Пулитцер сыйлығының тарихы жүз жылдан асады. Оның беделі жоғары болуының басты себебі ашық іріктеу жүйесі мен кәсіби талаптардың қатаңдығында. Қазақстандағы марапаттар да осындай қағидаларға сүйенсе, беделі арта түсер еді.

Меніңше, журналист үшін ең үлкен марапат – қоғамның мойындауы. Себебі кез келген журналистің мақсаты марапат алу емес, қоғамға әсер ету. Егер сенің материалыңнан кейін жол салынса, мектеп мәселесі шешілсе, заңдағы кемшілік түзетілсе немесе халықты толғандырған мәселе біліктің назарын аударса, бұл кез келген дипломнан әлдеқайда құнды.

Әрине, кәсіби марапаттың да орны бөлек. Ол әріптестеріңнің сенін еңбегінді бағалағанын көрсетеді. Бірақ тарихқа қарасак, халық жадында көбіне марапат иелері емес, қоғамға ықпал еткен журналистер қалады. Сондықтан журналист ең алдымен марапат үшін емес, оқырманның сенімі үшін жұмыс істеуі керек деп ойлаймын. Мысалы, кейбір журналистер мемлекеттік немесе кәсіби сыйлық алмаса да, олардың көтерген мәселелері қоғамда үлкен өзгерістерге себеп болды. Ал кейбір марапат иелерінің есімін уақыт өте келе ешкім еске алмайды. Сондықтан кәсіби марапат маңызды болғанымен, қоғамның мойындауы әлдеқайда биік өлшем деп есептеймін.

Аружан МАУЛЕНБАЙ, «Заң газеті»

ЗАҢ

газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақжан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6410 дана
Апталық таралым 12820 дана

Тапсырыс № 93 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31